

● ПРЕЗИДЕНТ

**ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМДА
РАДИКАЛДЫ ТОПТАРҒА
ОРЫН ЖОҚ**

Елбасы Пәкістан Президентіне Пешавар қаласында болған террорлық актіге байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Жеделхатта басым көпшілігі мектеп жасындағы балалар болған, көптеген жазықсыз жандардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды Мемлекет басшысы терең күйзеліспен қабылдағаны айтылған.

«Қазақстан барша әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілікке үлкен қауіп төндіріп отырған халықаралық экстремизм мен терроризмнің іс-әрекеттерін үзілді-кесілді айыптайды. Пешавардағы жантушігерлік оқиға радикалды топтарға өркениетті қоғамда орын жоқ екенін тағы да растады», – делінген жеделхатта.

Қаза болғандардың отбасылары мен туған-туыстарына, сондай-ақ бүкіл Пәкістан халқына Қазақстан халқының және жеке өз атынан көңіл айтқан Нұрсұлтан Назарбаев террорлық әрекеттен жапа шеккендердің тезірек сауығып кетуін тіледі.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АХУАЛ
ҰДАЙЫ НАЗАРДА
БОЛУЫ ТИІС**

Елбасы ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовты қабылдады.

Кездесу барысында Е.Ыдырысов Мемлекет басшысына халықаралық істерге қатысты жыл қорытындысын баяндады.

Қазақстан Президенті 2014 жылдың халықаралық шаралар кестесі тығыз болғанына тоқталды.

– Кездесулер мен іс-шаралардың көп болуының арқасында өзге елдердің Қазақстанға деген қызығушылықтары артып, олармен өзара тиімді ынтымақтастық дамып келеді. Біз қабылдап жатқан іс-қимылдарды әлемдік қоғамдастық қолдайды. Қазіргідей жағдайда халықаралық ахуалды Ресей мен Батыс елдері арасындағы қарым-қатынастардың өрбуі мен жаһандық экономикадағы трендтер аясында үнемі саралап отыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сыртқы істер министрі Қазақстан Президентінің бастамаларына шетелдер тарапынан қолдау көрсетіліп отырғанына тоқталды.

– Сіз жариялаған «Нұрлы жол» саясаты әлемде жоғары бағаланып отыр. Ол қазіргідей күрделі жағдайда Қазақстанның тұрақты әрі орнықты дамуын қамтамасыз ететін жақсы бағдарлама ретінде қабылданды. Біздің міндетіміз соны елдің сыртқы саясатының өзге де басым бағыттарымен бірге нақтылы жүзеге асыру болып саналады, – деді Е.Ыдырысов.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырмалар берді.

● ДЕНСАУЛЫҚ

**ЖАҢА ҒИМАРАТ,
ЖАРҚЫН ҚЫЗМЕТ**

Шиелі ауданындағы Бидайкөл елді мекенінде жаңа типтік ауылдық-дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Үш жарым мыңға жуық тұрғыны бар Бидайкөл елді мекені үшін жаңа нысанның маңызы зор.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жергілікті өңірлерде көптеп денсаулық мекемелері бой түзеуде. Жаңа нысанның құрылысына

биылғы жылы облыстық бюджеттен 79 млн. теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары мамыр айында басталды. Өсем ғимаратты мердігер – «Болашақ» ЖШС атқарды. Қазіргі таңда дәрігерлік амбулаторияда 2 жоғары санатты дәрігер, 11 медбике жұмыс жасауда. Бір ауысымда 50 науқас қабылдайтын еңселі ғимаратта бірнеше емдеу кабинеттері бар.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

● ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

**ЖЕРЛЕСІМІЗ
ҮШ МИЛЛИОНЫНШЫ
ПАЙДАЛАНУШЫ**

Бүгінде ақпараттық технологиялардың дамыған заманы. Қажетті құжаттар, коммуналдық төлемдер секілді қызмет көрсету түрлері онлайн жүйесіне ауысқан. Тіпті үйде отырып-ақ, қол жеткізуге болады. Мәселен, қарапайым ғана мысал келтіретін болсақ, бұрын мекен-жай анықтамасын алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, ұзын-сонар кезекке тұрып, белгілі бір уақытта ғана алуға болатын. Ал, қазіргі таңда бұл мүлде басқа. Кезек күтпей «e-gov» порталы арқылы аз уақытта аласыз. Осы орайда елімізде e-gov.kz электрондық үкімет порталы 2006 жылдан бері жеке және заңды тұлғалар үшін мемлекеттік қызметтерді онлайн түрінде ұсынып келеді.

Жақында egov.kz электрондық үкімет порталында үш миллионыншы пайдаланушы тіркелген. Ол Қызылорда қаласының тұрғыны Еламан Серкебаев болды. Еламанға мекен-жай анықтамасы керек болды, Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметіне жүгінген. Оған орталық қызметкерлері ЭЦҚ алып, egov.kz порталында тіркелуді ұсынған. Нәтижесінде үш миллионыншы тіркеу пайда болған.

Еламан болса, бүгінгі күнге дейін электрондық үкімет порталының қызметін алып көрмеген. Бірақ оған орталық қызметкерлері мұнда келмей-ақ үйден коммуналдық төлемдерді төлеуге мүмкіндігі бар екенін түсіндірген. – Алдағы уақытта электрондық үкімет порталының қызметін жиі пайдаланатын боламын, – деді жас маман.

Айта кетерлік жайт, мерейтойлық пайдаланушыны Қызылорда ақпараттық технологиялар орталығының директоры Ә.Әбішев пен облыс бойынша «ХҚКО» РМК филиалы директорының орынбасары Айнұр Шорабекқызы құттықтап, сый-сияпат көрсетті.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20

ЖЕЛТОҚСАН
СЕНБІ

2014 жыл
№188-189 (18882-18883)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ мен Қызылорда облысының әкімдігі арасындағы әлеуметтік-экономикалық саладағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл жайында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ баспасөз қызметі мәлім етті.

Кеше Астана қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Қапаров пен Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев «2015-2016 жылдарға арналған Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы аясындағы өзара ынтымақтастық туралы» Меморандумға қол қойды.

Осынау қол жеткен келісім шеңберінде ұлттық атом компаниясы әлеуметтік-инфрақұрылымдық даму, өңір тұрғындарының әл-ауқаты деңгейі мен өмір сапасын жақсарту бойынша міндеттеме алды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы, соның ішінде енішілес компаниялар қызметкерлерінің еңбек құқықтарын

қорғауға, қазіргілерін сақтай отырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған іс-шараларға қатысатын болады.

Сонымен қатар, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ компания балансындағы барлық әлеуметтік нысандарды оларды қаржыландыру үшін 2015-2016 жылдарға арналған 1,6 млрд теңге көлеміндегі қаржысымен қоса Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне береді. Атап айтқанда, әкімдікке 20 төсек-орындық стационарлық дәрігерлік-санитарлық бөлім, 280 балаға арналған балалар бақшасы, стадионы бар мәдени-спорттық орталығы, «Арман» мәдениет сарайы, монша-сауықтыру кешені, қонақ үй кешені және «Шиелі-Энергосервис» ЖШС тапсырылады.



Сондай-ақ, Меморандум аясында ұлттық атом компаниясы Қызылорда қаласындағы жалпы сомасы 1,6 млрд теңгелік 150 төсек-орындық перзентхана және бір мезгілде 50 сырқатты қабылдай алатын емхана

құрылыстарын қаржыландырады.

2015 жылы компания тиімділігін арттыру мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның Қызылорда облысы аумағында уран өндіретін енішілес кәсіпорын-

дарының кеңселері Алматыдан Қызылорда қаласына көшіріледі. Компаниялар кеңселерінің өңірге көшуі дамуға қосымша серпін береді, сондай-ақ облыс тұрғындарына көп әлеуметтік қолдау жасайды.

Жаңы нәзік болса да талай істің көзін тауып, шағын кәсібің дөңгелентіп, еліміздің әлеуметтік жағдайы мен экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отырған әйелдер қауымының бүгінгі қоғамда алар орны ерекше. Осы орайда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында “Қанатты әйел” атты тақырыпта облыстық кәсіпкер әйелдердің форумы болып өтті.

“ҚАНАТТЫ ӘЙЕЛ” ЖЕТІСТІГІМЕН ҚУАНТТЫ

Шараның негізгі мақсаты – кәсіпкер әйелдерге қолдау білдіру, олардың жұмысын жандандыруға мүмкіндік беру, іскер нәзік жандардың басын қосып, өзара пікір алмасуға ықпал ету және мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдіктер турасында түсіндірме жұмыстары, оқу курстары және семинар-тренингтер ұйымдастыруды жүйелі жүргізіп отыру болып табылды.

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы аясында “Қоғамдық келісім орталығы” мен “Ақ босаға” қоғамдық бірлестігінің мұрындық болуымен өткен шарға облыс көлеміндегі орта және шағын, ірі кәсіпкерлікпен айналысатын нәзік жандарлар жиналды.

Форумын “Қоғамдық келісім орталығының” директоры Рахима Ахметова ашып, алдымен жиналғандарды еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі Тәуелсіздік күнімен құттықтап жылы лебізін білдірді. Және де қоғамдағы әйелдер рөлі мен олардың кәсіпкерлік саладағы жетістіктері мен еңбектері жайында кеңінен әңгімелелді.

Сондай-ақ шара барысында кәсіпкер жандар сөз алып, олар өз шаруаларын неден бастағанынан ба-

стап қазіргі таңдағы жеткен асулары жөнінде көпшілікпен бөлісті. Мәселен, форумға қатысушы Шиелі ауданынан келген Айтқұл Әбдіқадирова бүгінде кәсіпкер атанғанына 20 жылға жуықтапты. Ол аудандағы “БекАру-1”, “БекАру-2” мейрамханалары мен қатар тәтті өнімдерін шығаратын фабрикасы бар. Ол шаруасын дөңгелентіп ғана қоймай, қаншама жандарды жұмыспен қамтып отыр.

Одан әрі жиналғандар көлерен көрмесін тамашалады. Онда күнде жасалған қазақтың ұлттық нақыштағы киімдері, әшекей бұйымдары, түрлі тағам өнімдері мен кәсіпкерлердің шығарып жатқан заттары көрмеден орын алды.

Облыстың кәсіпкерлік саласын дамытуда әйелдердің де қосар үлесі зор. Олар шаштараз, тігін шеберханалары, нан, тәтті өнімдерін шығаратын цехтар, мейрамханалар мен сауда орталықтарын ашып, адамдарды жұмыс көзімен қамтамасыз етіп отыр. Кез келген істің көзін табатын тек ерлер ғана емес, ол нәзік жандылардың да қолынан келетін кәсіп. Төзілімді отырған форум осының дәлелі болды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

АЛАР АСУЫМЫЗ АЛДА

Кешегі, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Астана қаласындағы “Астана Опера” театрында өткен салтанатты шарада Елбасы Н.Ә.Назарбаев егеменді еліміздің өткен тарихындағы осындай жайларды нақты дәйектемелермен атап көрсетті. Шынығында, Елбасының сарабал саясатының арқасында Қазақстан экономикасы дамыған, тұрақтылық пен татулықта өмір кешіп отырған елге айналды. Мемлекет басшысының өзі де атап көрсеткендей, мұндай жетістікке тәуелсіздік алған барлық елдердің бәрінің бірдей қолы жеткен жоқ. Әрине, оған біздің елдің, оның көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тынымсыз еңбегінің арқасында мүмкін болды. Соның бастысы, бүгінде еліміз әлемде дамыған елу елдің қатарына енді. Алда енді сол өркениеттің көшін бастаған отыз елдің қатарына ену міндеті де тұр. Амандық болса, бұл асуды да алар күннің келетініне біз бек сенімдіміз.

Біз құрылыс саласында, соның ішінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсарту бағытындағы істерге атсалысып жүргендіктен Елбасының жақында ғана “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында өзімізге жүктелген міндеттер туралы айта кеткеніміз дұрыс секілді. Мемлекет басшысы бұл Жолдауда Қазақстанның “Нұрлы жол” Жаңа Экономикалық Саясаты туралы жариялады. Сөйтіп ел дамуының басым жеті бағытын нақты айқындап берді. Соның ішінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсартуға да ерекше көңіл бөлді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы халықты медицина, білім және мәдениет нысандарымен қамтамасыз етуді жетілдіре түсуге айрықша ден қойды. Сөз жоқ, бұл міндет құрылыс компанияларына нақты міндеттер жүктейді. Өз кезегінде біз де сондай талап тұрғысынан көріне беретін боламыз деп ойлаймыз.

Жалпы Қазақстан Тәуелсіздігін алған жылдар ішінде кешенді жұмыстарды қолға алып, жүзеге асырды. Соның арқасында еліміз дамуының даңғыл жолына түсті. Әрине, бұл қол жеткізген жетістігіміз бір мұнымен тоқтап қалмасы да анық. Еліміздің алар асуы, бағындырар биігі әлі алда. Жаңа ғасырға қадам басқан алғашқы он бес жылдайғы тәжірибелер бізді соған мензейді.

Әбдімажит ЖАНСАҚАЛЫОВ,
“Дәңкер құрылыс компаниясы” ЖШС директоры,
“Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері.

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАТЫ

Тәуелсіз Қазақ Елінің басты мұраты мен көзделген межелі – Мәңгілік Ел болу. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында еркін елдің ертеңгі бағыты туралы ойын айтты.

– Осыдан 23 жыл бұрын адамзат көгінде жарық жұлдыз пайда болды. Ол – көк байрағын шалқытып, әлем тарихына мөрін басқан тәуелсіз Қазақстан елі. Ғасырлар бойғы халқымыздың арманы 1991 жылы 16 желтоқсанда, бүгінгі бұрынғын тарихи таңдауына айналды. Бұл күн өз тағдырымызға өзіміз қожалық етіп, өз болашағымызды өзіміз айқындауға қолымыз жеткен таңда болды», – деген Елбасы сөзі әр қазақстандыққа азаттыққа қол жеткен күннің қадірін жете ұғындырғандай.

«Дағдарыстар өтеді, кетеді, ал ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы секілді ұлы құндылықтар ғана ғұмырлық» деген Елбасы қазақтың ұлттық тарихына кеңінен тоқталды. «Тарихсыз болашақ жоқ. Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын ұсына ұстаған талай алып мемлекеттер болды. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін биілеп-тестеген айбарлы халықтар өмір сүргені де тарихтан белгілі. Бүгінгі Қазақстан сол бабалардың заңды мұрагері. Адамзат тарихында қазіргі қалыптағы мемлекет үлгісі тек соңғы бірнеше ғасырда ғана пайда болғанын білеміз.

Ал бұл кез біздің халқымыздың бостандықтан айрылып, бодандыққа түскен кезеңіне тап келді. Көк түріктер мен Алтын орданың айбарын айтапанада, Қазақ хандығы біздің елдігіміздің түп-тамыры», – деді ұлт тарихына берілген баға. Ұшқан құстың қанаты талатын ұлы даланы ұрпағына аманаттаған бабалар ерлігіне берілген баға.

«Тәуелсіздік толғауындағы» тамыры ортақ түркі елдерімен бауырластық туралы пайым көп көкейінен орын алады. Расында, бұл тарихи тамырымыз ірге бөлінбестей тұтас етті. Ортақ тамырдан нәр алған туыс елдердің рухани мұрасын, шежіресін бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Ежелден мұраттас болғандықтан ұрпағына қалдырған жырлар, әндері, онда айтылған арман-мақсаттары өте ұқсас. Қорықпайбыз бабамыз деп ұлықтайды. Ұлы дала сарынына құлақ түріп, мақамдардан ұқсастық іздейді. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері түркітілдес елдердің өнерпаздарымен байланысымыз үзілген емес. Олар Қорқыт ата мәңгілік тыныс тапқан топырақтың қадір-қасиетін сезінеді. Сырдың бойын күллі түркінің атамекені санайды. Өнер сапарлары, рухани байланыс түркітілдес елдердің туыстығын бірте бірте тусуде.

Рустан АХМЕТОВ,
«Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері.

2-бет

Дәуіржан Е.ЛҒАБЕВ.

Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Қызылорда облысының әкімдігі несиелік келісімдерге қол қойды



18 желтоқсан күні Лондонда Қызылорда облысының әкімдігі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамыту бойынша несиелік келісімдерге қол қойды.

Келісімдер Қызылорда қаласының электр, жылу және су желілерін қайта жаңғырту жобаларын жүзеге асыруды көздейді. Бұған қоса, облыс орталығындағы көшелерді жарықтандыру жүйесін қайта жаңғыртуға байланысты алдын ала келісімге қол қойылды.

Басқосуда ЕКДБ президенті, сэр Сума Чакрабарти «Біз Қызылорда облысының банк органдарымен серіктестік қарым-қатынас



орнатқанымызға қуаныштымыз. Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған келісім аясында Қызылорда қаласының өмір сүру сапасын жақсартамыз. Біз биыл маусым айында өңірге барғанда осы жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылағанбыз. Енді жобаларды нақты жүзеге асыру мақсатында қол қойып отырмыз» – деп айтты.

Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев ЕКДБ Президентіне алғысын білдірді.

– Елбасы шетелдік қаржы институттарымен жұмыс жасауды тапсырған болатын. Осыған сәйкес, біз бүгін жобаларымызды жүзеге асыруға қол қойып отырмыз. Бұл Қызылорда облысының

экономикалық-әлеуметтік ахуалын көтеретініне сенемін, - деді Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.

Сондай-ақ, Қазақстан Үкіметі Қызылорда облысында қайта жаңғырту жүйесін 2,6 млрд. теңгеге дейін гранттық жобасын қаржыландыруды қолдады. Бұл Банк пен Үкімет арасындағы ағымдағы жылдың мамыр айында қол қойылған келісім аясында жүзеге асырылады.

Айта кетейік, Еуропалық қайта құру және даму банкімен Қызылорда тығыз байланыста жұмыс жасап жатыр. Бүгінде 60 миллиард теңгеден астам қаржыны құрайтын 8 жобаны бірлесе жүзеге асыруда.

АЙМАҚ ДАМУЫ-2020

«Қызылорда облысының сыртқы байланыстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі №176 қаулысымен құрылды. Аты айтып тұрғандай, бұл құрылым аймақтың сыртқы байланыстарын реттеумен айналысады. Бүгінгі жағдайда бұл қызметтің қалай атқарылып жатқаны туралы басқарма басшысы Назаров Ерлан Асылбекұлы газет тілшісімен кездесу барысында айтып берген еді.

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

аймақ дамуының алғышарттарының бірі

– Ерлан Асылбекұлы, басқарманың негізгі міндеттері қандай?

– «Қызылорда облысының сыртқы байланыстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі – облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, облыс аумағында сыртқы байланыстарды дамыту және қолайлы инвестициялық ахуалды жасау салаларында басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган. Басқарманың мақсаты мен міндеттері облыста сыртқы байланысты дамыту мақсатында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты жүргізу, инвесторлармен қарым-қатынастарды реттеу, ақпараттық шараларды ұйымдастыру, сонымен қатар облыста сыртқы байланысты дамыту, инвестициялық саясатты жүргізу, инвесторларды қолдау, қолайлы инвестициялық ахуалды жасау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қарастырылған өзге де міндеттерді атқару жатады.

Басқарма өз жұмысында Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы №1145 қаулысымен бекітілген салалық бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді. Өңірде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын инвесторларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қантардағы №61 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар үшін өнеркәсіптік жеңілдіктер беру қағидаларының талаптарына сәйкес өнеркәсіптік жеңілдіктерді алуына ықпал жасайды. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырудың және өткізудің 2013-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қантардағы №10 қаулысымен ұлттық жоспарын іске асыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Сонымен бірге экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жұмыс жасайды. Сондай-ақ облыстық тікелей инвестициялар үшін тартымды жағдай жасайды. Облыс аумағында индустриялық-инновациялық қызмет саласына инвестиция тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне консалтингтік қызм өзге

де көмек көрсетеді. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқық бұзушылық жасауға интермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар қолданады. Азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік орган жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады. Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

– Облыстың сыртқы саясатының негізгі мақсатына тоқталып өтсеңіз...

– Ал облыстың сыртқы саясаты-



ның негізгі мақсаты – аймақтың сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстар жүйесінде экономиканың тиімді бәсекелестікке көбілетті секторларын дамытуға және инвестициялық тартымды жүйені қалыптастыруға бағытталған ұстанымды нығайтуға жағдай жасау болып табылады.

Қызылорда облысының сыртқы экономикалық және өңіраралық қызметін дамытудың басым бағыттары облыстың стратегиялық мақсаттары мен тактикалық міндеттері Қазақстан Республикасы Үкіметі қызметінің негізгі мақсаттарына, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Қоңбашысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында айқындалған қағидаларға, стратегиялық құжаттарға және даму бағдарламаларына сәйкес айқындалған. Стратегиялық мақсат ретінде Қызылорда облысының сыртқы экономикалық дамуына жағдай жасау және Қызылорда облысының тартымды экономикалық-инвестициялық имиджін қалыптастыру қойылады.

Осы стратегиялық мақсаттар Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық мақсаттарына, инвестициялар тарту бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген арнайы экономикалық аймақтарды дамытуға және 2010-2014 жылдарға Қазақстан Республикасына экспортты ынталандыруға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қантардағы №61 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық дамуы төмен елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды жүзеге асыруы заңды тұлғаларға өнеркәсіп жеңілдіктерін ұсыну Ережелеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қантардағы №10 қаулысымен бекітілген 2013-2018 жылдары ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізудің Ұлттық жоспарына сәйкес келеді.

– Стратегиялық мақсаттарға жетуіңіз жолдары қандай?

– Ол үшін көптеген міндеттерді іске асыру керек болады. Солардың қатарында Қызылорда облысында сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстарды тиімді дамытуға мүмкіндік туғызуда институционалдық және басқа да қолайлы жағдайлар қалыптастыру, аймақ экономикасының осу көрсеткіштерінің тиімді құрылымын қалыптастыруға сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстардың орны мен ролін анықтау және талдау, аймақ-

тағы сыртқы экономикалық қызметінің қолдау инфрақұрылымын оңтайландыру секілді міндеттер бар.

Сонымен қатар, Қызылорда облысында өндірістік, инновациялық және қызмет көрсету салаларында сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстарды дамытуға қолайлы жағдайды кеңейту, өңіраралық және халықаралық салыстыру тұрғысынан аймақтың бәсекелестікке көбілеттілік рейтингін көтеру бағытында жұмыстар жүргізуі қажет.

– Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында таяудағы жылдар жаяндық сынақтар уақыты болатынын айтып кетті. Осы кезеңде Қызылорда облысының қазіргі және жаңа сауда-экономикалық байланыстарын әрі қарай дамыту мен нығайту үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?

– Қызылорда облысының негізгі сауда әріптес мемлекеттерімен және өңіраралық қызмет субъектілерімен ынтымақтастықты қарқындылау күш салынып болады. Сонымен қатар, тауар айналымының көлемін ұлғайту, жаңа сауда-экономикалық әріптестерді іздеу жұмыстары жалғасын таба береді. Халықаралық және өңіраралық қарым-қатынастар саласында ақпараттық алмасу жүйесін жетілдіру де өз нәтижелерін беретіні анық. Сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстар саласында жоспарлау жүйесін жетілдіруге аса маңыз беріледі. Сыртқы экономикалық және өңіраралық байланыстар саласында инвестициялық жобалар және ұсыныстар базасын құру және дамыту жағы да осы жұмыстардың жалғасы іспеттес.

– Инвестицияларды дамыту және тартудың басымдық бағыттарында өзара қарым-қатынастың инфрақұрылымын жетілдіру кезеңінде қандай мәселелерге басымдық беріміз?

– Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев аймақ экономикасын әртараптандыруға басымдық береді. Осы мақсатта біздің басқарма Қызылорда облысына жоғары инвестициялық тартымды, инновациялық бағыттағы және экономикалық бәселенді аймақ имиджін бекіту бағытында жұмыс жүргізе бермек. Соның аясында халықаралық шараларға, экономикалық форумдарға, презентацияларға қатысу, аймақтың оң имиджін қалыптастыруға бағытталған жарнамалық және презентациялық өнімді әзірлеуге және шығаруға қаржыландыруды ұлғайту жайына назар аударылады. Қарым-қатынастарды жетілдіруде негізгі әріптес мемлекеттермен сауда-жө-

номикалық байланыстарды дамытуға және нығайтуға жәрдемдесу туралы келісімдерге отыру жағына мән берілмек. Облыс аумағында шығарылатын тауарлар номенклатурасын кеңейту, олардың бәсекелестікке көбілеттілік деңгейін көтеру жағдайы ұмыт қалмауы тиіс. Өңіраралық және халықаралық деңгейде шаралар, жәрмеңкелер мен көрмелер өткізу және ұйымдастырудың оң нәтижелері аз болмайды. Сонымен бірге, халықаралық шараларға, экономикалық форумдарға, презентацияларға қатысудың экономикалық тиімділігі бар.

– Аталған бағытта аз жұмыс жасалмаған секілді...

– Облыс әкімінің бекітілген іс-қимыл жоспарына сәйкес 2014 жылғы инвестициялық форумдар өткізу, көрмелерге қатысу, (республикалық және шетелдік), жақын шет елдерге жұмыс сапарын ұйымдастыру шаралары өткізілді. Облыс әкімдігі сәуір айында «Атырау Инвест-2014» халықаралық бизнес форумына қатысты. Форум аясында екі облыс әкімдігі мен мұнай-газ компаниялары басшылары қатысқан «дөңгелек үстел» отырысы өткізілді. Жаздың басында Әзірбайжан мемлекетінің астанасы – Баку қаласында «Каспий мұнай және газ» атты 22-ші халықаралық көрме-конференцияға қатысты.

Өзбір прогресс жолына ұмтылған дамушы өңір секілді, біздің облыс жаңа, инновациялық даму жолдарына басымдық береді. Біз қандай да бір саланы дамуы туралы айтқанда бірінші кезекте инвестиция тарту жағына ден қоямыз. Осы мақсатта жалпына екі рет «Байқоңыр» инвестициялық форумын өткізудеміз. Өткізілген төрт форум шеңберінде әртүрлі 49 меморандумға қол қойылды. Соның он бірі соңғы төртінші форумның аясында жасалды.

Өздеріңізге белгілі, «Байқоңыр» – IV инвестициялық форумның тақырыбы «Еуразиялық Экономикалық Одақ аясындағы Қызылорда облысының жаңа инвестициялық мүмкіндіктері» деп аталды. Бұл тақырып бекерге таңдалып алынған жоқ. Біздің облыс заман ағымына ілесе отырып, интеграциялық процестерге белсене араласуда. Таятарстан Республикасымен және Краснодар өлкесімен жасалған келісімдер соның нәтижесі. Кострома облысымен де байланыс жасалуда. Төртінші инвестициялық форумды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ынтымақтастық шеңберінде өткізген болатынбыз. Егер де бұған дейін Еуропалық қайта құру және даму банкі секілді ірі қаржы институттарымен жасалған келісім аясында бірлескен жобалар жүзеге асырылып келсе, төртінші форум шеңберінде Еуразиялық даму банкімен меморандумға отырдық. Бұл келісімдер аз ғана уақыт аралығында өзінің нәтижесін беріп, аймаққа пайдасын әкелуде. Соның бірі ретінде Қызылорда қаласында жылына 197 мың тонна шыны шығаратын зауыт салу туралы келісім. Ал Қызылорда қаласында ауыз су, жылу, электр желілері жүйелерін модернизациялау, автобус паркін құру, «Жаңадос Дрилинг» ЖШС үшін бұрғылау қондырғылары мен станоктарын алу жобалары түрлі деңгейде атқарылу үстінде. Бұл Президенттің Қазақстан халқына жолдаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрсетілген міндеттердің бірі – энергетикалық инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Осылайша әрбір жасалған келісім өзінің нәтижелерін алып келеді.

Сөз соңында айта кетейін, «Байқоңыр» инвестициялық форумдары алдағы жылы да өткізілетін болады. Демек, облыстың экономикасын әртараптандыруға жаңа мүмкіндіктер ашылады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Бдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАММЕН

«Өркімнің туған жері – өзінің Мысыр шаһары» деген ертеден келе жатқан сөз бар, мұны тұл ауымда ұғынуға келмес, өйткені, бұл сөздің астарында отансүйіштік, елге деген құрмет жатыр деп түсінемін. Елбасымыздың Тәуелсіздік күні қарсаңындағы толғауы – ел азаматтарының өмірге деген құштарлығын, туған жерге деген сүйіспеншілігін, ел бірлігін сақтаудағы ауызбіршілігін, ынтымағы мен жарасымдылығын бекемдей түскен құнды құжат деп айтар едім. Президентіміз: «Жер бетіндегі мыңдаған ұлттар мен ұлыстар бар. Біз – дербес мемлекет құру бақытына ие болған 193 ұлттың біріміз. Басқа қонған бақытты бағалай білу бір бөлек. Тәуелсіз елдердің барлығы бірдей тұрақтылық пен татулыққа ұйып, дамудың даңғылына түсе алған жоқ», деп атап көрсетті. Расында ділінен, тілінен, тіпті дінінен ажырап, шөре-шөре күйге түскен ұлыстар қаншама?! Жаратушының назары түскендігі шығар, қазақ бүкіл әлемге танымал мемлекет басшысының көреген саясаты мен қажырлы еңбегінің арқасында ешкімге де көзтүрткі болмай, өз даңғылына түсті. Экономикасы мен әлеуметтік әлеуетін әуелеткен, сәбіін әлділеп, бөбегін бесікке бөлеген, ат жалын тартып мінген жастарымызды қалаған мамандығын алуға жол ашқан іргелі елге айналдық. Орта және шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау жасау арқылы қандастарымыздың нарықтық қатынаста шындалуына, алып сату ғана емес, өнім өндіруіне, базарлық бәсекелестікке өтпей беруге үйретіп жатырмыз. Шүкіршілік, осы жолда белгілі биіктерге

көтерілген азаматтарымыздың да қатары жетерлік.

Президент өз сөзінде еліміздің ішкі және сыртқы саясатына терең талдау жасап, жамағатының алдына жайып салды. Бұл тек біле жүрсін дегендік емес, жалпы көпшіліктің, қоғам мүшелерінің мойнына үлкен жауапкершілік артатын салмақты міндет те. Өйткені, әр азаматымыз айналасына кезін ашып қарап, елдің ынтымағы мен ырыс, несібесінің артуына, жас жеткіншектеріміздің мемлекеттік бағдарламаларының құнын, атқарар шаруасының түпкі нәтижесінің қалай боларына сергек қарауы тиіс.

Жаңақорған облысымыздың ең шеткі оңтүстігіндегі өзіндік ерекшелігі бар аудан. Мал шаруашылығы саласында аймағымызда алдыңғы орында болса, егіншілік мәдениеті барысында да қол жеткізген табыстары аз емес, соңғы жылдары замана талабына сай өнеркәсіптік бағыт та өз сүреуінен анықтады. Ойластырылған мемлекеттік бағдарламалар аясында өндірісіміз де дамып келеді. Ең сүйсінерлігі – аудан халқы ынтымақты тіршілік етіп, түстікісіпкен қоғамға өз үлестерін қосуда. Мұның барлығы Елбасының сара саясаты нәтижесінде жүзеге асырылып жатқан шаруалар. Жерлерімізге алдағы күндерде шауақты күндер мен толағай табыстар тілеймін. Көк туымыздың астында болашаққа нық қадам баса берейік.

Зинабдин ШЕРМАҒАНБЕТОВ,
Жаңақорған ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы,
«Құрмет» орденінің иегері.

БАБАЛАР АРМАНЫ ЖОЛЫНДА

Сан ғасырлар бойы бабаларымыз арман еткен Тәуелсіздіктің ақ таны Қазақ даласында жарқырай түскеніне міне 23 жылдың жүзі болды. Біз – Жер шарында мекен еткен көптеген ұлт пен ұлыстың арасында тәуелсіздік бақытына ие болған аз ғана халықтың біріміз. Бұл – барша қазақстандықтардың ортақ игілігі, елдік мұраты. Ал Тәуелсіздік бақытын үркітіп, бастан ұшырып алмау үшін Қазақстан халқының тұрақтылығы мен татулығының маңызы ерекше. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Басқа бақыттың қоныу бір бөлек, сол бақытты бағалай білу бір бөлек». Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы осы ойды дұрыс түсінугіміз керек және 2015 жылы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында мемлекеттің дамуы мен кемелденуі жолында еңбек етуіміз керек.

Сарапшылар 2015 жыл дүниежүзі экономикасының дағдарысты жылы болуы мүмкіндігі туралы айтылып жүр. Бұл біз секілді дамушы мемлекеттің экономикасына өзіндік қиындықтар алып келуі ықтимал. Осы сын-қатерлерге лайықты жауап ретінде Елбасы «Нұрлы жол» Жолдауында бірнеше мәселелерді атап өткен болатын. Олар:

Біріншіден, әлемдік алмағайып жағдайда инфрақұрылымдық дамуға ден қою – қазіргі әлемдегі табысты елдерге тән ортақ тренд. Екіншіден, сапалы жолдар мен коммуникациялар салу арқылы біз өңірлік және жаһандық экономикалық байланыстарға тереңірек бойлаймыз. Үшіншіден, инфрақұрылым құрылысының ірі жобалары шетелдік инвестициялардың тұрақтылығын сақтайды. Олар ұзақмерзімді

экономикалық өсімді қамтамасыз етеді. Төртіншіден, бұл – лайықты еңбекпен қамтудың,

ЖЫЛДЫҢ ҰЗДІК ӘКІМІ АТАНДЫ

Жыл сайын республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газеті мен «Уақыт таңдауы-Выбор времени» агенттігінің бірлескен жобасы бойынша Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жыл таңдаулыларын анықтау дәстүрге айналған.

Құрамында белгілі тұлғалар қазылар алқасының ұйғарымымен биылғы жылы төрт аталым бойынша жеңімпаздар анықталды. «Уақыт таңдауы» бойынша «Жылдың үздік әкімі» атағына Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев лайықты деп танылды. Ал «Жылдың үздік өнер ұжымы» атағына Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі (директоры Нұрғиса Дәуешов) жеңіп алды. Сондай-ақ «Жылдың үздік колледжі» атағына Бағdashан Молдашева басқарған «Хромтау тау-кен техникалық колледжі» не болды. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, еліміздегі салыстырмалы педагогика ғылымының негізін қалаушы Асқарбек Құсайынов «Жылдың үздік ғалымы» атанды. Ұйымдастырушылардың айтуына қарағанда, жеңімпаздардың қайсысы да еліміздің дамуына өз салалары бойынша айтулы үлес қосып келе жатқан ұжымдар мен тұлғалар.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

Уәлихан ИБРАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты.

ЖЫЛ ЖЕМІСІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында ел Үкіметінің алдына нақты он төрт тапсырма қойғаны белгілі. Ал енді осы тапсырмалардың әрбірін уақытылы орындалар болса, тұрғындардың әлеуметтік мәселелері түбегейлі шешілетіні сөзсіз.

МАҚСАТ – ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАУ

“Жарқын болашақ жолының бағдаршысы” саналатын осынау тарихи құжатта Елбасы: “Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділікпен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет” деп атап көрсетті. Бұл жаңа экономикалық саясаттың тұғыры, яғни инфрақұрылымдық дамуың жоспары болып есептелінеді.

Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмысы негізінен Қазақстан Республикасының заңдары мен Үкімет бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында жасалған іс-шаралар жоспарларын орындауға бағытталған. Оның басты бағыттары – жұмысшыларды жұмыстан жаппай босатудың алдын алу, егер босай қалған жағдайда әлеуметтік қорғаудың белсенді түрлерін көрсету. Олардың тұрақты жұмысқа орналасуына ықпал жасап, жұмарт тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарымен қамту. Сондай-ақ қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау. Ал тұрмысы төмен отбасыларын мемлекет тарапынан берілетін көмек-

Сонғы кездері халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдаудың белсенді түрін қалыптастыру мақсатында “Бос жұмыс орындары” жәрмеңкесін өткізу дәстүрге айналды. Онда жұмыссыздарға жұмыс берушілермен тікелей кездесуге мүмкіндік туындайды. Биыл ауқымды және мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы жеті рет жәрмеңке ұйымдастырылып, 232 жұмыс беруші мың жеті жүз тоқсан жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкелерге қатысқан мың жүз жетпіс бір жұмыс іздеушінің төрт жүз елу алтысына жұмыспен қамтудың белсенді түрлеріне қолдама беріліп, екі жүз елу бір адам тұрақты жұмысқа орналасты. Бүгінгі күні тіркелген жұмыссыздар мың елу десек, тіркелген жұмыссыздық деңгейі бір пайызды құрайды.

Қоғамдық жұмыстар қала үшін экономикалық, әлеуметтік және экологияға пайдасы бар және арнаулы білімі жоқ адамдардың уақытша жұмысқа орналасуына мүмкіндік беруде. Биыл 1784 адам қоғамдық жұмысқа тартылып, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат толық игерілді. Қоғамдық жұмысқа тартылғандар санитарлық тазарту, көркейту және қалаландыру,

кітапханаларға көмектесу, құжаттарды өңдеу, көбейту, тарату, кітаптарды қайта қалпына келтіру, тағы басқа жұмыстар.

Жұмыссыздарды кәсіби мамандыққа оқыту және қайта даярлау еңбек нарығының сұранысына, сонымен қатар қаланың индустриалды-инновациялық дамуына сәйкес жүргізілді. Соның дәлеліндей, үстіміздегі жылы еңбек нарығына қажетті он жеті мамандық бойынша 455 жұмыссыз кәсіби оқуға жіберіліп, оған бөлінген қаржы толық игерілді. Ал әлеуметтік

тың еңбек саласындағы бақылау басқармасы, жұмыс берушілер мен кәсіподақ бірлестіктері арасында отыз екі меморандум жасалынды. Соның нәтижесі болар, бүгінгі күнге қала бойынша жалақы қарызы толық өтелген.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек мәселесіне келсек, биыл жүз тоқсан тоғыз отбасындағы сегіз жүз сексен бес адамға 16 млн. 752 мың теңге қаралып, төленсе, 5183 отбасындағы 18 жасқа дейінгі 14 мың 736 балаға 241 млн. 223 мың теңге жәрдемақы тағайындалып, төленді.

Қызылорда қаласының аз қамтамасыз етілген азаматтарына электр және газбен жабдықтау, ауыз және кәріз су, тұрғын үйді күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстар, жылу, қоқыс әкету, қатты отын, телефонға абонементтің ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемі, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы, сондай-ақ күрделі жөндеу қызметтеріне тұрғын үй көмегі берілуде. Бір ғана биылғы жылдың өзінде 3493 отбасының 11 мың 823 тұрғынына 135 млн. 966 мың теңге төленді.

Мүгедектерді оңалту, соғыс және еңбек ардагерлерін әлеуметтік қолдау жүйелі жүргізілуде. Қазіргі таңда облыс орталығындағы мүгедектер саны 9268 адамды құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі қаулысы және “Мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына” сәйкес жыл басынан бері қала және қалаға қарасты ауыл округтерінде тұратын мүгедектер гигиеналық және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етілуде. Қимылында қиындығы бар бірінші топ мүгедектеріне жеке көмекшілердің қызметіне, ымыда тілінің мамандарына, үйде тәрбиеленіп, оқылатын мүгедек балаларға әлеуметтік төлемдер төленуде. Айталық, бөлім арқылы жергілікті бюджеттің есебінен жекелеген санаттағы 4435 адамға 224 млн. 986,3 мың теңге әлеуметтік көмек берілді. Олар Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектері, соғыс кезіндегі қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін КСРО орден-медалдарымен марапатталғандар, соғыс кезінде алты ай жұмыс істеген тыл ардагерлері, Чернобыль, Ауған соғысы және Кеңес Армиясының мүгедектері, Семей апатынан зардап шеккен азаматтар, үйі өртенген адамдар, ауылдық жерде тұратын жұмыс істейтін мамандар. Бұған “Әлеуметтік такси” қызметін қосыңыз.

2012 жылдан басталған “Сыр мейірімі” жобасы үкіметтік емес мекемелердің мемлекеттік тапсырысы шеңберінде бюджеттен қаржыландырылып келеді. Есепті кезеңде сапалы тамақтануды қажет ететін 240 жанлызбасты қарттар мен мүгедектер, өзін-өзі күте алмайтын наукас адамдарға ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын басшылыққа ала отырып, тұрмысы төмен және жұмыссыз отбасыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау жұмыстарын жалғастыра беретін болады.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.



термен қамтамасыз ету.

Бөлімнің жұмысын саралар болсақ, алдымен халықты жұмыспен қамту саласына тоқталғанымыз орынды. Соңғы жылдары қала экономикасының өсуіне байланысты жұмыспен қамтылған халықтың саны артып, соған сай жұмыссыздық деңгейі біршама азая түсуде. Оған дәлел, қала еңбек нарығының жағдайын кәсіпорындардың қайта құрылуы, сауықтыру және кәсіпкерлікті дамыту есебінен тұрақталып отыр. Облыстық статистика департаментінің мәліметі бойынша Қызылорда қаласында экономикалық белсенді халық саны 109 мың 636 адам болса, жұмыспен қамтылғаны 104 мың 536 адамға тең. Жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды



ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Елбасының Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауының ел болашағы үшін маңызы өте зор. “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдау да ел ертеңі үшін жасалған басты бағдар болып отыр. №3 қалалық емхана ұжымы Жолдауды үлкен әсермен қабылдады.



әлеуметтік стандарттарға сәйкестендіру туралы талап қойылғаны белгілі. Осыған байланысты медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру, денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында №3 қалалық емханаға облыс әкімі Қ.Кошербаев 2014 жылдың қараша айында 6 санитарлық автокөліктің кілтін тапсырды. Қазіргі таңда алғашқы медициналық санитарлық көмекке басты бағыт берілгендіктен тіркелген тұрғындар мен науқастар туралы барлық деректер бірінғай ақпараттық жүйеге енгізілді.

Жолдауда айтылып өткендей, денсаулық сақтауға арналған мұндай бағдарламалардың одан әрі жалғасын табуы ұлт саулығының жақсаруына айрықша ықпал етері сөзсіз. “Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Өңірлерде бәрі бар – бағдарламалар, ресурстар, қаржы құралдары, әркім өз жұмыс уәдесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып іске кірісу қажет” – деп Елбасы “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында атап көрсетті. Сондықтан да №3 қалалық емхана ұжымы қызметкерлері мемлекеттік бағдарламаларды өз деңгейінде жүргізу үшін жанашырлықпен, ынтымақтастық танытып жұмыс жасайды.

Болғанай САРЫШЕВА,
№3 қалалық емхана бас дәрігері.



ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Биылғы жыл қазақ халқы үшін табысты болды. Елбасы Н.Назарбаев жақында кезекті Жолдауын жариялады. Ол “Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол” деп атады. Онда еліміздің барлық саласы жан-жақты дамып, әлемдегі озат елдердің қатарына енуіне мол мүмкіндіктер қарастырылған. Ал, Тәуелсіздік күнімен халықты жігерлендіре құттықтаған сөзі көңілді толқитты. Онда еліміздің бүгінгі мен ертеңі, егемен ел атанған сәттен бастап бағындырған асулар мен жеткен жетістіктер жайы сөз етілді. Біздің елде кез-келген іске қолдау білдіріп, жандандыру мақсатында арнайы түрлі бағдарламалар жүзеге асқан.

Мәселен, азаматтық қоғам мемлекет тарапынан қолдау тауып, үкіметтік емес ұйым өкілдері елде болып жатқан кез-келген процестерге емин-еркін араласа алады. Және де оған өзіндік үлесін қоса алатын жағдайға жеткен кезде ғана азаматтық қоғам қалыптасты деуге толық негіз бар. Сондықтан Қазақстанда азаматтық қоғам толық орнықты деп айта аламыз. Негізінен елімізде азаматтық қоғам институттары тәуелсіздік алғанға дейін де, одан кейін де белсенді жұмыс атқарып келеді. Ең бастысы, үкіметтік емес ұйымдар өзара ауызбіршілікте, ынтымақтаста жұмыс жасауда. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дегендей бірлесіп

жұмыс жасауды жолға қойған. Жалпы, азаматтық қоғамға қатысты елдегі нәтижелі жүйенің сипат алуы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың елде жүргізіп отырған сарабалд саясатының арқасы екені айдан анық. Тәуелсіздік – жалпыға ортақ ұғым. Себебі, ол ата-бабамыздың арман еткен, ақ найзағай ұшымен білектін күшімен қорғап, қасық қаны қалғанша жауымен айкасып, бүгінгі ұрпаққа сый еткен – ұлы іс болып саналады. Осы орайда Елбасы кешегі тәуелсіздік мерекесі қарсаңында болған салтанатты шаралда “Тәуелсіздікті өз қолымен жасаған буынның болашаққа қолдаған сәлемі мыңжылдықтар бойы еліміздің өмірлік философиясы болып қала беретініне сенемін. Біздің халқымыз – ешқашан мызғымайтын, жыл өткен сайын нығайып, беки түсетін Мәңгілік Тәуелсіздіктің иесі” деп нақты атап өтті.

Расында, іргесі мықты ел атану үшін жүйелі жобалар мен нәтижелі жұмыстар қажет және сол арқылы дамыған елдердің қатарынан көрінуге де болады.

Айжан АЙТМамбетова,
“Азаматтық Альянс” қауымдастығының үйлестірушісі.

КӘСІПКЕРЛЕР АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛҒА АЛДЫ

Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында бұған дейін жолға қойылған реформаларды ілгері бастырып, әлеуметтік саланы қолдау және халықтың әлеуетін арттыруға көптеген стратегиялық қадам жасауды алға қойып отыр. Сондай-ақ, ел өміріне жаңа технологияларды кеңінен енгізіп, инновациялық жобаларды етене қолдануымыз қажет.

Орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жеңілдетілген несиелер көлік-логистика, индустриялды және энергетикалық инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық саласын жетілдіру – ел экономикасын қалыптастырудағы маңызды міндеттер. Содан да Елбасымыз

шағын және орта бизнесті қолдау арқылы ел экономикасы өсуінің негізгі қозғалтқыш күші ретінде дамытуды жалғастыруға тапсырма берді. Осы бағытта еңбек көрігін қыздыруды мұрат тұтқан қазалылық кәсіпкерлер жыл өткен сайын қанаттарын қаттайтып, кеңге жайып келеді.

Жақында аудан әкімі Бақыт Жахановтың төрағалығымен аудан аумағындағы кәсіпкерлердің кеңейтілген мәжілісі болып өтті. Алқалы жиынға орта және шағын кәсіпорындар қожалары, жаңа жобалар иелері, салалық бөлім басшылары мен жекелеген кәсіпкерлер қатысып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, ой бөлісті. Сондай-ақ, аудан аумағында кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту жөніндегі жобалар мен оны іске асыруға қатысты мәселелер де кәсіпкерлер кеңесіне ұсынылып, кәсіпкерлер тарапынан қойылған толғақты сұрақтарға түшымды жауаптар да алынды.

Өңіріміздің даму динамика-

сына сәйкес бұл ауданның да әлеуметтік-экономикалық жағынан өркен жаюы да жылдан жылға өсіп, халық саны артып, уақыт талабына сай халыққа қызмет ету орталықтарына деген сұраныстар да көбейе түсуде. Ел экономикасының дамуына ерекше серпін беретін маңызды жобалардың бірі – “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық транзиттік дәлізінің құрылыс жұмыстары таяу жылдары толықтай аяқталып, ел-халыққа тарту жасалмақ.

Кәсіпкерлер кеңесінде Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбішев сөз алып, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” автокөлік дәлізінің аудан аумағы бойынан сервистік қызмет көрсету орындарын салу жұмыстары мен “Өндірістік аймақ” жобасын ұйымдастыру тобы жұмыстарының атқарылу барысы жайлы хабарлама жасады.

– “Батыс Еуропа – Батыс

Қытай” аталатын халықаралық деңгейдегі жолдың 96 шақырымы Қазалы ауданы аумағынан өтеді. Аудан бойынша аталған көлік дәлізі бойынан бірнеше жер телімдері белгіленіп, сервистік қызмет ету орындарын салу үшін кәсіпкерлерден сұраныстар түсіп, жинақталуда, – дейді Ә.Әбішев.

Аудан бойынша жаңа өндіріс орындарын көбейту мақсатында өндірістік аймақтың бос жатқан жерлеріне инфрақұрылым да жүргізілуде екен. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы “Өндірістік аймақ” жобасы негізінде Өйтеке би кентінің солтүстік-батыс беткейінен 3 жер учаскесі зерттеліп, белгіленген. Бұлардың жалпы аумағы 115,5 гектар. Бірінші кезекте осынша жердің 12,7 гектарын инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге 159,7 млн. теңге қаржы бөлінген. Нақтылай айтар болсақ, автокөлік жолына 109 млн., сумен жабдықтауға 31,3 млн., электрмен жабдықтауға 19,6 млн.

теңге қаржы қаралған. Инфрақұрылымның жұмыстары аяқталған соң бұл аймақта орта өндіріс орындары ашылмақ. Бүгінгі таңда аудан кәсіпкерлері тарапынан жалпы құны 200 млн. теңгені құрайтын 10 жобаны іске асыру бағытындағы жұмыстар жоспарлы жүргізілуде. Осының 6 жобасына жер учаскесі беріліп те қойылған.

Кәсіпкерлер кеңесі отырысында жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жеке кәсіпкерлер тарапынан өз жобаларын индустрияландырудың өңірлік картасына енгізуге эксперттік комиссияға ұсынса, жеке кәсіпкер Р.Мамбетжанов “Темір-бетон бұйымдарын өндіру цехын іске қосу жөніндегі жобасын” несиеге қаржы беру ұйымдарына ұсынып, қаржыландыру мәселесін бақылауға алуды өтінді. “Энергомера” ЖШС “Электрмен жабдықтау өндірістік базасы және темірден құрылысқа қажетті бұйымдар шығару жобасын” мерзімінде іске асыратындықтарын білдірді. Ал, “Дезинфекция және К” ЖШС осы автокөлік дәлізі бойынан “В” санаты бойынша (жанар-жағармаймен қам-

тамасыз ету бекеті, автокөлік жуу, техникалық қызмет көрсету орны, автотұрақ және қонақ үй, асхана, құрылыс нысандарын салу жөніндегі жобасын облыстық салалық басқармаларға келісім беруге ұсыныс жасады. Жеке кәсіпкер С.Ысқақов “Көкөніс өнімдерін сақтау қоймасын салу жобасын” Индустрияландырудың өңірлік картасына енгізуге эксперттік комиссияға ұсынса, жеке кәсіпкер Р.Мамбетжанов “Темір-бетон бұйымдарын өндіру цехын іске қосу жөніндегі жобасын” несиеге қаржы беру ұйымдарына ұсынып, қаржыландыру мәселесін бақылауға алуды өтінді. “Энергомера” ЖШС “Электрмен жабдықтау өндірістік базасы және темірден құрылысқа қажетті бұйымдар шығару жобасын” мерзімінде іске асыратындықтарын білдірді. Ал, “Дезинфекция және К” ЖШС “Медициналық қалдықтарды жою қондырғысын орнату және зертхана салу жо-

басы” мен жеке кәсіпкер Н.Палушаевтың “Тері өнімдерін қабылдау және өңдеу цехын іске асыру” жобалары санитарлық талаптарға сәйкестігін зерттеуді қажет етіп, аталған құралдары іске асыру үшін қосымша жер учаскесін қарастыру қажет.

Аудандағы ауқымды жобалар өз жұмыстарын бастандырып та жіберген. “Сыр маржаны” ЖШС 500 басқа арналған мүйізді ірі қара малдарын бордақылау алаңының құрылысын жоспарлы жүргізуде. Жобалау-сметалық құны 335,0 млн. теңгені құрайтын құрылыс жұмысына “ҚазАгро-Қаржы” акционерлік қоғамы тарапынан 41,0 млн. теңге, ал өз қаржылары есебінен 17,0 млн. теңге қаржы қаралған. Құрылыс жұмыстары алдағы жылдың мамыр айында аяқталып, маусым айында бордақылау алаңына мүйізді ірі қара малдары әкелінеді деген болжам бар.

Еркін АҚҚАЛИҰЛЫ.



Балығы тайдай тулаған теңізімен, астың дәмін кіргізер тұзмен шартарапқа танылған Аралдың түтіні соңғы жылдары түзу ұша бастады. Шалқар айдын кемеріне келісімен теңіз жағалауының тіршілігіне нәр, тамырына қан жүгірді. Ата-баба кәсібі қайта жанданды. Аңқасы кепкен теңізді сақтап қалуды стратегиялық мақсат қатарына қойған Елбасының бастамасымен ауданда ауқымды шаралар қолға алынууда. Солардың қатарындағы «Жезқазған-Бейнеу» теміржол жобасының жұртшылыққа тигізген септігі ұшан-теңіз. Үдемелі индустриалды-инновациялық даму және «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасымен қолға алынған теміржол құрылысы қабырғалы қауымның нәпақасына айналды. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі. Барлық аймақтар теміржолмен, әуе жолымен тығыз байланысуы керек. Алысты жақын ету – Жолдаудың басты түйіні» деген Елбасы Жолдауының басым бағыты.

Алып теміржол құрылысы басталар кезеңде Президентіміздің «Бұл еліміздегі ең ірі жобалардың бірі. Дүниежүзінде мың шақырымнан асатын теміржол құрылысын салып жатқан бірде-бір мемлекет жоқ. Жоба барысында мыңдаған адам жұмысқа орналасады. Мемлекеттің басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын жақсарту» деген сөзінің шындыққа өзек болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

«Мекемедегі жұмысшы-қызметкерлердің басым бөлігі Сексеуілдің тұрғындарынан жасакталған. Құрылысқа қажетті техникалардың бәрі сақдай сай. Бүгінгі таңда әлденеше мердігер мекемелер бар. Келер жылы Абай елді мекенінен балабақша, бірсыпыра тұрғын үйлер бой көтереді» дейді құрылыс жұмыстарының басы-қасында жүрген азаматтар.

Кезінде қатардағы көп теміржол стансасының бірі болған Сексеуілде бүгінде соны серпін бар. Бұған өзіміз көрген жайттар куә болады. Осындағы «Альмира» сауықтыру кешені талапқа сай бой көтеруде. Еңселі нысан алыстан көз тартады. Ғимаратты салуды жеке кәсіпкер қолға алыпты. Елбасымыздың бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмасына үн қосқан азаматқа бәрекелді дестік. Мұнда барынша жағдай жасалынған. Билыард ойыны өзге де жаттығулар жасауға мүмкіншілік мол. Екінші қабатта жуынатын бөлме, монша қызмет жасауда.

Аудан әкімі Абзал Мұхимов жуырда Сексеуіл кентіндегі мал сою пунктін жұмысымен танысты. Мемлекет басшысының кәсіпкерлікті қолдау жайлы тапсырмасы ауданда белсенді орындалуда. Нақты кезеңде әлденеше адам тұрақты еңбекпен қамтылған. Сойылған малдың етін тексеретін арнайы лабораториялық бөлмемен жабдықталған нысанның ашылу салтанатында тыл ардагері Жанғана Тілесов игі іске ұйытқы болған ел ағаларына ризашылығын білдірді.

Арал ауданындағы Жылқы жылындағы жаналықтар мұнымен шектелген жоқ. Сәл уақыт бұрын ауданда бірқатар нысандар ел игілігіне берілді. Бұл шара теңіз перзенттеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қаланың сәулетті жеріне қазқатар қоныстанған арендалық үйлер алыстан көз тартады. Көпшіліктің қуанышымен бөлісуге аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев, Арал ауданының әкімі Абзал Мұхимов, өзге де ел ағаларының қатысуы шараның маңызын биіктеге түсті. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасымен салынған үйлер өз иелерін тапты. Халқымызда «Үйің болмай күйің болмас, күйің болмай сыйың болмас» деген даналық сөз бар. Коммуналдық меншіктегі осынау тұрғын үйлер ресубликалық, облыстық, аудандық бюджет есебінен бой көтеріпті. Мердігерлері «Жасекенов С», «Байгараев К» компаниялары саналатын құрылыс

Сәлемдесуді «мал-жаның аман ба?» деп бастайтын қазекеңе төрт түліктің орны ерекше. Әсіресе, Қамбар ата тұқымының маңызы зор. Халқымыздың тұлпарды ер қанатына балайтыны да сондықтан. Міне, Жылқы жылы да аяқталып қалды. Өткен күндерге көз жүгіртсек, жыл көлемінде атқарылған істердің ауқымдылығын аңғарамыз. Ендеше бірге шолу жасайық, құрметті оқырман.

ЖАСАМПАЗ ӨҢІРДЕГІ ӨРКЕНДІ БАСТАМАЛАР

нысандарының сапасы бөтен емес. Сондай-ақ, қала орталығынан ашылған «Сартай» балабақшасы да көпшіліктің көңілінен шығуда. Мұндағы оқыту, тәрбие жұмыстары қазақ, орыс тілдерінде өтеді. Он екі топқа арналған бүлдіршіндер орасында кабинеттер, ойын-сауық отауы, денешынықтыру залы қарастырылған. Ұлтымыздың «Бала ойынмен шынығады» деген нақылы осы балабақшадан көрініс тапқандай.

Мұндай қуаныштан шалғай ауылдың тұрғындары да қалыс қалмады. Бөген ауылдық округінде жаңа мектеп ғимаратының іске қосылуы соның айғағы. Бұрынғы мектеп үйінің тозығы жеткендігі талай мәрте көтерілген еді. Ал талапқа сай салынған нысанда бүлдіршіндердің жоғары деңгейде білім алуына мейлінше жағдай жасалынған. Ақт залы, спорт залы, оқу кабинеттері, асханасы бар. Спорт аланы заманауи үлгіде жабдықталса, информатика кабинеті «Pentium 4» маркалы компьютерлермен, мультимедия кабинеттермен, химия-биология зертханасымен, АӨД кабинеті қару-жарақ бөлмесімен, кітапхана оқу залымен қамтылған.

Мұнан біршама уақыт бұрын Арал қаласында ауыз судың жайы өте күрделі болатын. Су құбырлары ескірген әрі толықтай қамтылмаған еді. Сервистік желі мүлде кездеспейтін. Тұрғындар көшедегі қоғамдық колонкаларды пайдаланып келді. Сапасы төмен су адам ағзасына айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Сол тұста түрлі жұқпалы кеселдердің көбейгені осыған байланысты болса керек.

Елбасымыздың тікелей жанашырлығымен қолға алынған игілікті іс бұл тығырықтан да шығарды. «Қуейт» қоры арқылы Аралда қарқынды жұмыстар жүзеге асты. Қаладағы барша су құбырлары жанартылды. Үйлерге тартылды. Сервистік желіге қосылды. Су есептегіштері орнатылды. Енді Аралдағы ауызсу төңірегінде ешқандай мәселе жоқ. Су сапасы жоғары деңгейде. «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбыры тіршілік нәрін үзіліссіз таратуда. Ең қуаныштысы, соңғы жылдары жұқпалы кеселдер тіркелмепті. Қаладағы үйлер жүз пайыз сервистік желімен қамтылған. Әрбір текше метр суға жеке иеліктер небәрі 40 теңге төлейді. «Қалған шығын мемлекет есебінен» дейді өзіміз тілдескен азаматтар.

Арал қаласындағы «Ranar vip PRODUKT» ЖШС бастамасымен қайта жаңғыртылып жатқан ұн тарту комбинатының аяқ алысы жұртшылықтың көңіліне үміт отын жақты. Кәсіпорынға Түрік мемлекетінен әкелінген қазіргі заманғы құрал-жабдықтар қойылған. Іске қосылған уақытта айна 4500 тонна бидай өңдеп, 3300 тонна ұн, жем шығаруға мүмкіндігі бар. Толық пайдалануға берілгенде 70 жаңа жұмыс орны ашылатын болады. 3,5 гектар аумақтағы аула, теміржол тұйығымен қамтылған. Халықты ас атасы – нанмен қамту басты мәселе екендігі әмбебап аян. Ендеше осынау игі істің келешегі зор болатынына сенім мол.

Қамбашағы балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы жанындағы кәсіпкерлерге сервистік қызмет көрсету орталығы да тартымдылығымен ерекшеленеді. «Алтын

Арал балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы» МКК мектептен тыс қосымша білім беруді жүзеге асыратын ұжым болып табылады. Мектеп жасындағы білім алушылар, тәрбиеленушілерге жыл бойы қызмет көрсетеді. Мұнда тынығу, оқу, сауықтыру, спорттық, мәдени-көпшілік шаралар өткізіліп тұрады. Мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, шығармашылық еңбегін, қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету. Олардың жан-жақты ынта-ықыласын, білім қабілетін дамыту, еңбек дағдысын сіңіру, суда жүзе білуге үйрету де басты назарда ұсталады. Орталық жазғы демалыс кезінде 600 баланы қабылдайды. Бұл егеменді елімізде болашағымыз – өскелең ұрпақ үшін барынша жағдай жасалатындығының нақты дәлелі.

Ауылдың көркеюі – мемлекеттің нығаюы. Бұл тұрғыда Арал ауданында оң өзгерістер орын алуда. Ауыл шаруашылығы құрылымдары негізінен мал өсірумен шұғылданады. Сала бойынша өндірілетін өнім көлемі еселенуде. Асыл тұқымды мал өсіру назардан қалыс қалмайды. «Қуланды» ЖШС асыл тұқымды Мұғалжар жылқысы мен қазақтың айыр өркешті түйесін өсірсе, «Көктем», «Байдаулет», «Бек» шаруа қожалықтары да Қамбар ата түлігін

өсіруді қолға алған. «Берекет», «Ықылас», «Несібе» шаруа қожалықтары қазақтың ақ бас сиырын күтіп-бағуда. «Сыбағаның» сыйын татып отырғандар да аз емес. Бағдарлама аясында әлденеше шаруа қожалығы, серіктестіктер қомақты несие иеленді. Алған қаржыны тиімді жұмсау да ұқыптылық. Несиеге асыл тұқымды бұқа, аналық сиырлар сатып алынған. Қуаныштысы, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша сатып алынуға тиісті мүйізді ірі қараның межесі жоспардан артық орындалыпты. Басым бөлігі аудан көлеміндегі асыл тұқымды шаруашылықтардан, қалғандары Қостанай, Оралдан сатып әкелінген. Мал тұқымын түрлендіру бойынша атқарылған шаралар ілкімді. Нәтижесі де жоғары. Яғни, облыс көлеміндегі аудандар ішінде алдыңғы қатарда. Мемлекеттен берілетін субсидиялар төленуде.

Мал басын бірдейлендіру – замана талабы. Бұл үшін аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, акпараттар компьютерлік дерек қорға енгізілді. Ветеринария саласы да назардан қалыс қалмаған. Аса қауіпті және энзоотиялық аурулардың алдын алу шараларына да қазынадан ақша қаралған. Ауданда бұрыннан бар мал қорымдарының қатары Арал қаласы мен Токабай елді мекенінен салынған мал қорымдарымен толықты. Қоғамның басты байлығы адам. Адамның қауіпсіздігін сақтау қашанда ұмыт қалмақ емес. Осы тұрғыда қанғыбас ит-мысықтарды жою жұмыстары өз нәтижесін беруде.

– Ауданға тартылған инвестицияның басым бөлігін құрайтын «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік көлік дәлізінің құрылысы, «Бозой-Шымкент» газ құбырын тарту жұмыстары, «Жезқазған-Сексеуіл» темір жолының, оның бойындағы инфрақұрылымның құрылысы жалғасын табуда. Сонымен қатар тірек елді мекендерді дамыту шаралары аясында Сексеуіл, Шижаға, Қамыстыбас елді мекендерінде ауқымды шаралар бастау алуда. Жоспарланған жұмыстар кезең-кезеңімен іске асырылатын болады, – дейді аудан әкімі Абзал Мұхимов.

Аралда ата-баба кәсібі қайта жанданды. Кезінде балық шаруашылығы аудан экономикасының негізгі тірегі болғаны белгілі. «Ғасыр жобасының» жүзеге асуымен өңір танымастай түледі. Импорт алмастыратын әрі бәсекеге лайық өнімдерін өндіруге батыл ену мақсатында «Балық консорциумы» құрылды. Қазіргі таңда кәсіпорындарда балық өнімдерін өңдеу салыстырмалы түрде арты. Жылдық балық аулау лимиті де өсті.

Арал өңірінде мәдени-көпшілік шаралардың жоғары деңгейде өткізілуіне баса мән беріледі. Тәуелсіздік мерекесі де ауданда кең көлемде аталып өтілді. «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты салтанатты кеште бір топ азаматтарға «Арал ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл «Еңбек ер атандырады» деген ұлағатты сөздің шынайы қалпын паш еткендей.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА ЖАУАП БЕРЕДІ

Үстіміздегі жылы мамыр айында Астанада Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің Мемлекеттер басшылары деңгейіндегі отырысы өтті. Отырыс Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенконың қатысуымен шағын құрамдағы кездесуден басталды. Мемлекет басшылары Кеңен одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті дамытудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ, еуразиялық интеграциялық үдерістерді кеңейту мәселелерін талқылаған болатын.



Кеңес отырысына төрағалық еткен әрі шаңырақ иесі ретінде алғашқы болып сөз алған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кездесудің Қазақстан, Беларусь және Ресей мемлекеттерінің болашағы үшін тарихи маңызы бар екенін атап өтті. “Біз Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартты әзірлеу жөніндегі орасан зор жұмыстарды аяқтадық, деді Елбасы. Шартқа қол қою арқылы еуразиялық кеңістіктегі ықпалдастықтың жаңа сапалы кезеңі басталады. Бұл құжатта барлық мемлекеттердің мүдделері ескерілген. Сауатты және саликалы дайындалған. Бірқатар келіспеушіліктерге қатысты қол жеткізілген консенсус барлық тарапты канағаттандырады”.

Қазақстан Президенті Шартта арқаулық аспектілердің барлығы көрініс тапқанына тоқталды. Құжатта халықаралық ұйымдарға тән барлық арқаулық аспектілер көрініс тауып отыр, деді Нұрсұлтан Назарбаев осы жөнінде. Мемлекеттердің егеменді теңдігі, аумақтық тұтастығы, сондай-ақ, Одаққа мүше мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін құрметтеу қағидаттары бекітілген. Ұйымның барлық деңгейіндегі шешімдер қабылдауда консенсус қағидатының болуы ерекше маңызды. Осы орайда, әрбір қатысушы тараптың дауысының шешуші мәні бар.

Елбасы өз сөзінде Одаққа мүше мемлекеттердің тіл мәселесін де атап өтті. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі барлық халықаралық келісімдер, Комиссияның міндетті сипаттағы күші бар шешімдердің барлығы орыс тілінде қабылданады, деді Нұрсұлтан Назарбаев. Біз осылай келістік. Дегенмен, сондай құжаттар бірден тараптардың әрқайсысының мемлекеттік тілдеріне де аударылатын болады. Сондықтан тілдік қағидаттар жөнінде ешқандай кемсітушіліктер орын алмайды.

Қазақстан Президенті бұл шарт үш мемлекеттің азаматтарының әлуақатын арттыруға бағытталғанына назар аударды. Еуразиялық экономикалық одақты құру біздің экономикамызды жан-жақты жаңғыртуды жалғастыру, елдерімізді әлемдегі жетекші орындарға шығару үшін қуатты серпін беретініне сенімдімін, деді Нұрсұлтан Назарбаев. Құрылып жатқан Одаққа Арменияның қосылуы туралы тараптар бар. Өз кезегінде Қырғызстан Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі мақұлдаған Кеңен одағына қосылу жөніндегі жобаны қолдады.

Ал Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт мемлекеттік егемендікті толық сақтай отырып, елдерімізді интеграцияның мүлде жаңа деңгейіне алып шығатынын атап өтті. Сондай-ақ, Ресей басшысы Еуразиялық одақ идеясының бастауында Нұрсұлтан Назарбаев тұрғандықтан, шартқа Қазақстанның елордасында қол қойылуының символдық мәні бар екеніне тоқталды. Бүгінде біз бірлесіп, экономикалық дамудың қуатты, тартымды орталығын, 170 миллионнан астам халықты біріктіретін ірі өңірлік рынокты құрудамыз, деді Владимир Путин. «Үштік» елдерінде дамыған өнеркәсіп, индустриялық база, қуатты кадрлық, интеллектуалдық, мәдени әлеует бар. Географиялық жағдайымыз бізге тек өңірлік ғана емес, жаһандық та маңызы бар көлік-логистикалық бағдарлар қалыптастыруға, Еуропа мен Азияның ауқымды сауда жолдарын өзімізге «бағындыруға» мүмкіндік береді. Осының барлығы – біздің бірлестігіміздің бәсекеге қабілеттілігінің, оның жедел өзгеріп жатқан әрі күрделі әлемдегі қарқынды дамуының кепілі болып табылады.

Шағын құрамдағы отырыс аяқталған соң мәжіліс кеңейтілген құрамда жалғасты. Бұл отырысқа Армения Президенті Серж Саргсян мен Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев, сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Виктор Христенко қатысты.

Мемлекет басшылары Арменияның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы туралы шартты әзірлеу барысын, сондай-ақ, Қырғыз Республикасының Кеңен одағына қосылуы жөніндегі Жол картасын қарады.

Сол кездесуде Қазақстан басшысы Еуразиялық экономикалық одақтың ұлтүстілік органдарының жұмыс істеу тәртібі туралы айтты. “Біз Еуразиялық экономикалық комиссияның Мәскеуде орналасуына келістік. Сөйтіп, Мәскеу Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық орталығы болады.

Басқа да ұсыныстар болған еді, бірақ мәселе осылай шешілді. Мінсіздік Еуразиялық сот орналасады. Біздің Одағымыздың құқықтық аспектілері де сонда шоғырланады. Ал Алматыда 2025 жылдан бастап Одақтың қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлтүстілік орган орналасатын болады”. Осылай еді келіп, Президент одақтың қаржылық реттегіштің құрылуын күтпей-ақ Алматыны Еуразиялық экономикалық одақтың қаржылық орталығы ретінде қарастыруды бастай беру керек екенін атап өтті. Н.Назарбаев өз сөзінің қорытындысында ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасын жан-жақты жаңғыртуға қуатты серпін беретінін атап өтті.

Осы тарихи кездесуден кейін Қазақстанның, Ресейдің бірқатар қоғам, өнер қайраткерлері, ғалымдары республиканың ақпарат құралдарында жаңа құрылым туралы өз пікірлерін

білдірген еді.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ, қоғам қайраткері:

– Бұл өте маңызды шешім болды деп есептеймін. Өйткені, осынау интеграциялану ғасырында бөлініп өмір сүру, даму мүмкін емес. Оның үстіне, бұл одақтың құрылуының өзі осы идеяның отаны болып отырған Қазақстан жерінде, оның жаңа елордасы Астана қаласында жүзеге асуы да әділеттіліктің бір көрінісі іспетті.

Мен Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің азаматтарын осы айтулы оқиғаман құттықтаймын. Жаңа Одақ әл-ауқатымызды арттыратыны да сөзсіз.

Елена КУЗЬМИНА, Ресей Ғылым академиясы Экономика институтының сектор меңгерушісі:

– Біздің елдеріміздің қай-қайсысы болмасын шикізат шылауында қалғысы келмейді. Біз өзіміздің экономикамызды жаңғыртқымыз және бірге отырып өнеркәсімімізді өркендеткіміз келеді. Бәріміз біріккен жағдайда мұның бізге едәуір жеңілге түсетіні анық. Мұның жақсы бір мысалын Қазақстаннан байқауға болады. Мәселен, қазірдің өзінде Қазақстанның солтүстік облыстарында бірлескен өндіріс орындары ашылып жатыр.

Төлеген МҰХАМЕДЖАНОВ, «Астана Опера» опера және балет мемлекеттік театрының директоры:

Біздің Ресеймен, Беларусьпен біртұтас экономикалық кеңістік аясында бірігуіміз – бұл халықтарымыз үшін зор жетістік. Мен бұл одақ ұзақ мерзімге әрекет етеді және біз үшін жақсы нәтижелер береді деп есептеймін. Себебі, бірлестірілген, жүйеге келтірілген тәртіп бизнес үшін жаңа кәсіпорындар ашуға үлкен жеңілдіктер туғызады. Үш елдің халқын осынау тарихи оқиғаның жүзеге асуымен құттықтаймын.

Еңлік НҰРҒАЛИЕВА, «Еуразиялық құқық қорғау орталығы» қоғамдық қорының президенті:

– Одақта үлкен мүмкіндік бар. Біріншіден, Қазақстанның экономикалық әлеуеті артатын болады. Осы арқылы біздің азаматтарымыздың әл-ауқаты да жақсарады. Екіншіден, бірлескен кәсіпорындардың саны бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ұлғая түспек. Өйткені, одаққа мүше үш елде 170 миллион адам бар. Осынау үлкен нарық инвестицияларды тартуды, техникалар мен технологияларды әкелуді жеделдеті түседі.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, «Егемен Қазақстан» АР Ақ президенті:

– Біздің алдымыздан байтақ базар ашылатын отыр. Оның көлемі қазіргі біздегіден он есе артық. Айталық, еліміз халқының саны 17 млн. болса, ендігі рыноктың аумағы 170 млн. болмақшы. Мұның өзі біздің көсіккерлерімізге, тауар өндірушілерге

мол мүмкіндік береді. Ең бастысы, үш елдің басшылары да бірауыздан бұл одақтың тек экономикалық мақсатта құрылып жатқанын атап өтті. Экономикалық одақтың ел егемендігіне еш нұқсан келтірмейтінін анық білдірді.

Розақұл ХАЛПУРАДОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:


– 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Астанада қол қойылуы еліміздің осы Одақтың белді де беделді мүшесі болатынын айғақтайды. Осыдан 20 жыл бұрын айтылған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл идеясын өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Оның болашаққа бағдарланғанын және дұрыстығын уақыттың өзі әлі-ақ алда көз жеткізеді деп сенемін. Ал енді бұл интеграция не береді? Бұл жалпы көлемі 2 трлн. долларды құрайтын, 170 миллион тұрғыны бар, көлемі 600 млрд. долларға тең өндірістік қуатқа

халық әртісі:

– Қазір әлемде интеграциялық үдерістер жүріп жатыр. Олар экономикалық қарым-қатынастарға құрылғанымен, оның ар жағында әлеуметтік-мәдени, рухани байланыстар жатқандығын айта кетуіміз керек. Мұндай байланыстардың халықтарды бір-бірімен жақындастырып, адами құндылықтардың дамуына игі ықпалы зор деп білемін.

Осы тұрғыдан келгенде театр ұжымдарының тәжірибе алмасуларына үлкен мүмкіндіктер тудырып отыр. Сөйтіп, ұлттық театрларымыздың халықаралық деңгейге шығуына ықпал ететін болады. Осылайша ғана біз өнеріміздің өрісін әлемдік деңгейде көрсете аламыз. Бұл біздің өнер саласында әлі де мол табыстарға жетуімізге серпін береді деп сенемін.

Өнері мен мәдениеті өрге жүзген елдің болашағы жарқын болатындығына еш шүбә келтірмеймін. Сон-



ие, жалпы аумағы 20 млн. шаршы метрді құрайтын нарықтық кеңістіктің ашылуына мүмкіндік береді.

Бұл өз кезегінде өнім өндіруде бәсекелестіктің артуына ықпал ететін болады.

Біздің Ресеймен, Беларусьпен біртұтас экономикалық кеңістік аясында бірігуіміз – бұл халықтарымыз үшін зор жетістік.

Мен бұл одақ ұзақ мерзімге әрекет етеді және біз үшін жақсы нәтижелер береді деп есептеймін. Себебі, бірлестірілген, жүйеге келтірілген тәртіп бизнес үшін жаңа кәсіпорындар ашуға үлкен жеңілдіктер туғызады. Үш елдің халқын осынау тарихи оқиғаның жүзеге асуымен құттықтаймын.

Еңлік НҰРҒАЛИЕВА, «Еуразиялық құқық қорғау орталығы» қоғамдық қорының президенті:

– Одақта үлкен мүмкіндік бар. Біріншіден, Қазақстанның экономикалық әлеуеті артатын болады. Осы арқылы біздің азаматтарымыздың әл-ауқаты да жақсарады. Екіншіден, бірлескен кәсіпорындардың саны бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ұлғая түспек. Өйткені, одаққа мүше үш елде 170 миллион адам бар. Осынау үлкен нарық инвестицияларды тартуды, техникалар мен технологияларды әкелуді жеделдеті түседі.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, «Егемен Қазақстан» АР Ақ президенті:

– Біздің алдымыздан байтақ базар ашылатын отыр. Оның көлемі қазіргі біздегіден он есе артық. Айталық, еліміз халқының саны 17 млн. болса, ендігі рыноктың аумағы 170 млн. болмақшы. Мұның өзі біздің көсіккерлерімізге, тауар өндірушілерге

мол мүмкіндік береді. Ең бастысы, үш елдің басшылары да бірауыздан бұл одақтың тек экономикалық мақсатта құрылып жатқанын атап өтті. Экономикалық одақтың ел егемендігіне еш нұқсан келтірмейтінін анық білдірді.

Розақұл ХАЛПУРАДОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

– 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Астанада қол қойылуы еліміздің осы Одақтың белді де беделді мүшесі болатынын айғақтайды. Осыдан 20 жыл бұрын айтылған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл идеясын өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Оның болашаққа бағдарланғанын және дұрыстығын уақыттың өзі әлі-ақ алда көз жеткізеді деп сенемін. Ал енді бұл интеграция не береді? Бұл жалпы көлемі 2 трлн. долларды құрайтын, 170 миллион тұрғыны бар, көлемі 600 млрд. долларға тең өндірістік қуатқа

дықтан да мен өзім сүйіп келген өнер саласында әлі де шығармашылық шабытпен жұмыс жасай бермекпін. Бүгінгі салтанатты шарадан ерекше серпін алып, қанаттанып отырымын.

Ерлан СЫДЫҚОВ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры:

– Еркіндік, тең құқықтылық, өзара тиімділік қағидаттары мен әр қатысушы елдің прагматикалық мүмкіндіктерін есепке алған Еуразиялық одақтың құрылуы үлкен тарихи оқиға. Бұл экономикалық ынтымақтастықты басты бағдар еткен ұйым туралы негізгі бастаманы көтерген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жылдың сәуір айында осы идеяны 20 жыл бұрын жария еткен М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де оқыған дәрісінде жаңа Одақтың бүгінгі мен келешегіне қатысты өз тұжырым-болжамдарын жария етті. «Еуразиялық интеграцияның экономикалық әлеуеті өте жоғары. Тек қатысушы үш ел экономикасының жиынтық көлемі 2,2 триллион долларды құрайды. Үш ел шығарған өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1,5 триллион АҚШ долларына жуықтады. Жиынтық ІЖӨ-нің өсімі түріндегі интеграциялық тиімділіктің перспективасы 2030 жылға қарай шамамен 900 миллиард долларды құрай алады. Осылайша, еуразиялық интеграция бізге келе жатқан Үшінші жаһандық индустриялық революция алдында ортақ стратегиялық басымдықты қамтамасыз етеді. Еуразиялық экономикалық одақ халықтар мен бүкіл ұлттық экономикалар үшін ауыртпалық

емес, игілік болуы тиіс», – деп атап өткен еді Мемлекет басшысы.

Бұл Одақтың геостратегиялық жағынан да айрықша маңызы зор. Оған мүше үш ел Еуроодақ пен Азия-Тынық мұхиты өңірі аумағының ортасында орналасқан. Елбасы жаңа ұйымның Шығыс пен Батыстың, Еуропа пен Азияның арасындағы геоэкономикалық көпірге айналу мүмкіндігі мол екендігін де алға тартып отыр.

Еуразиялық Одақ өзіне мүше елдер арасындағы әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыта түсуге де септігін тигізетіні сөзсіз. Қазірдің өзінде Ресей, Беларусь, Қазақстан арасында жоғары, орта және кәсіптік білім туралы дипломдарды өзара тану туралы келісім бекітілген. Үш елдің азаматтарына ЖОО-да оқуға теңдей құқық беріліп отыр.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Елбасы Жарлығымен құрылған күнінен бастап, Еуразиялық интеграция мәселелерін зерттеуді басты бағдар ретінде айқындаған болатын. Университетімізде «Еуразиялық зерттеулер» кафедрасы тыңғылықты жұмыс істеуде. Жыл сайын әлемдегі және еліміздегі айтулы ғалымдардың қатысуымен Еуразиялық форумдар ұйымдастырылып отырады. Барлық студенттер еуразияшылдықтың тарихы, теориясы, тәжірибесі туралы дәрістер тындайды. Үздік оқытушы, жас ғалымдарға, студенттерге Л.Н.Гумилев атындағы арнайы стипендия беріліп келеді. Жыл сайын «Еуразия мәселелері», «Гумилев әлемі» айдарларымен белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектері кітап ретінде жарыққа шығып жатыр. Университетте Л.Н.Гумилевтің мұражай кабинеті де жұмыс істеп тұр. Кешегі үш ел қол қойған айтулы оқиғадан кейін ғалымдарымыз енді Еуразиялық одақтың мәселелерін жан-жақты зерттеуге кіріседі.

Әнес САРАЙ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Қазіргі қоғамда адамдар аса қадірлеп, бағалайтын құндылықтарда түсінісу ерекше рөл атқарады. Өйткені, татулық пен бірліктің арқасында ғана жер бетіндегі байлық сақталып, берекелі жұмыс істей алатын жағдай жасай алатын. Үш ел жақындасуын біреудің құқығына екінші біреулердің қол сұғуы деп жаңсақ түсінбеу керек, керісінше, түрлі қиғаштықтар белең алып тұрған заманда келесісіздікке қарсы жұмылып бірге әрекет ету, мемлекет тыныштығын қорғауда үн біріктіріп, тізе қоса білу үш мемлекет үшін де өте қолайлы әрі пайдалы тұжырым деп білемін. Бұрыннан бір-бірін өте жақсы білетін үш ел басшыларының пайымы бізді, қаламгерлерді осындай әсермен баурады.

Осы тарихи кездесуден кейін әлемдік саясатта біршама күрделі оқиғалар болды. Одаққа мүше елдер басшылары бірқатар ежікәқты кездесулер өткізді. Қалыптасқан қиындықтарға қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақ өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Интеграция үдерісі жаңа сипатта дамитын болады.

Дайындаған
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к. н/с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 60-53-20, info@vnp-oroda.gov.kz «Б» корпусы бес мемлекеттік әкімшілік лауазымы орналасуға конкурс жариялайды:

Әкімшілік бөлімнің бес маман-бес есесінші (D-0-4) (Негізгі қызметкердің бала күтіміне арналған еңбек демалысы, 23.08.2015ж дейін.) Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақысы 64063,14 теңгеден 86485,24 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарма бойынша әрбір жіяға арналған шығын сметасын жасады оны қорғайды және орындалуын қамтамасыз етеді. Дебиторлық және кредиторлық төлем-қарыздардың мезгілінде өтеуін бақылайды, төлем тәртібін сақталуын қадағалайды. Материалдық құндылықтардың, қаржылық толық есебін жүргізудің сонымен қатар бухгалтерлік есептің уақытында айқындал тапсырылуын қаржыға байланысты барлық кіріс-шығыстардың мезгілінде есептеуін қамтамасыз етеді. Бухгалтерлік құжаттардың дұрыс сақталуына және олардың дағдыланған ережелерге сәйкес мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етеді. Облыстық қаржы басқармасына басқарманың қаржылаңдары жөнінде қаржылық тапсырыс береді. Болінген лимиттік сметаға сәйкес қаражаттардың жұмсалуды қадағалау, есеп жүргізу, бюджеттік бағдарламалардың уақытында бекітілген қаржы көлемінде орындалуын қамтамасыз етуді үнемі бақылайды. Негізгі қорларға және материалдық құндылықтарға, бағалы тауарларға есеп жүргізеді. Ол қызметтерге арнайы есеп-пот ашу, еңбек ақыларға мен жол сапар шығындарының уақытында төленіп отыруын қамтамасыз етеді. Қаржыландыруға байланысты алдын-ала бюджетті ігеруге мониторинг жүргізуге тапсырыс береді.Төлемге негіз болған тексеру заңдылығын сақтайды (келісім шарттар, шығыс сметалары т.б.). Бюджеттік бағдарламаларды орындауға байланысты сметалық шығындарға есеп жүргізеді және бақылайды. Салыққа және басқа да міндетті бюджеттік төлемдерге зейнетақы, еңбек ақыға сәйкес заңның сақталуын қадағалайды, құжаттарды дайындап жүзеге асырады. Бөлім бойынша барлық есеп айырысу құжаттарының сақталуын, дұрыс толтырылуын және оларды уақытында тапсыру немесе жоюды қамтамасыз етіп, қадағалайды. Басқарманың есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары кәсіптік экономикалық, қаржылық білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымын

функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық, қаржылық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашаданғы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтамасы;
6) Қазақстан Республикасы азаматтығын жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде үкілетті органымен белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бес лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда

4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін

мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және белгілене тапсыры (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндеттемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілесті мұқабалда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірілмей береді.

Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберіледі.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылорда-динские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облыстық ішкі саясат бас

Бүгіндері торкалы токсанның ең ортасына еніп отырған ағамыз Бөрібай Құлмановты ширек ғасырдан астам уақыттан бері білеміз. Ол кез компартияның дәуірлеп тұрған тұсы. Партия атынан айтылса бітті, орындалады. Ата заңның қолдаушысы да, қорғаушысы да, заты заң атаулының орындалуын қадағалайтын құқық қорғау қызметкерлерінің өзі де партия органдары басшыларының алдында елпек қағып, солардың қас-қабағына қарай қимылдап, әрекет жасайтын. Ал Бөкен болса обкомның партиялық комиссиясының төрағасы. Басшы да, қосшы да коммунистердің үстінен түскен арыз-шағымдармен айналысады. Қарапайым тілмен айтқанда түкірігі жерге түспейтін

де басшы қызметтерде болған байыпты, байсалды кісі. Енді бір ерекше айтары, ол Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан. Майдандағы, бейбіт күндердегі еңбектері бек бағаланған. Бөкен «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» және Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Осы наградалардың қатарына Жеңістің 65 жылдығы тойланған үстіміздегі жылы «Құрмет» ордені келіп қосылды. Бұл, әрине, аз марапат дей алмаймыз. Осындай абзал азамат, асыл аға мерейлі жасын мерекелегелі жатқанда біз де жайбарақат отыра алмадық. Оның өзекті өмір жолы, тағдыр таланы туралы газет бетінде жұртшылықты

тады. Сонымен бірге елге қайтпай осында қалам деушілерге басқа оқу орнына оқуға көмек көрсетілетінін білдіреді. Содан не керек, жан-жақтан жиналған алпысқа жуық жас жігіттер Ресей Жоғарғы Кеңесі атындағы жаяу әскер училищесіне қабылданады. Бұл В.И.Лениннің арнайы нұсқауымен Кремльді күзету үшін құрылған оқу орны болатын. Алайда олар бұл училищені толық аяқтай алған жоқ. Оның бірінші курсын бітірерге қараған тұста аты өшкір соғыс басталып кетті.

Училище курсанттары Мәскеу түбіндегі Солнечногорск қалашығы жанындағы жазғы лагерьде жаттығу үстінде еді. Училище бастығы полковник Младенцев деген кісі 22



Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанымен Бөрібай Құлманов үшін ұрыс одан әрі жалғасып жатты. Сол 1945 жылдың мамыр айында ол бір топ түрік нәсілді (қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ) солдаттармен бірге мемлекеттің құпия тапсырмасымен Қытайға өтіп, онда Шығыс Түркістан Республикасын орнату жолындағы айқастарға араласады. Үкіметтің арнайы тапсырмасы орындалған соң, 1945 жылдың желтоқсан айында «Хоргос» шекара бекеті арқылы өтіп Алматыға келеді. Ал 1946 жылдың наурыз айында Далалық әскери округтің бұйрығымен әскер қатарынан босанып, елге оралады. Айтары жоқ, Бөрібай Құлмановтың жалындаған жастық шағының алты жылы осылайша арпалыспен өтеді.

Бөрібай Құлманов ағамыздың ендігі еңбек жолына көз жүгіртіп, ой елегінен өткізіп отырсақ, ол кезде басшы қызметкерлер жиі орын ауыстырады екен. Солардың қатарында бұл кісі де жиі қызмет алмастырған. 1953 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жанынан ауыл шаруашылығын насихаттау басқармасы құрылып, ол соған бастық болады. Тап сол жылы обкомның ұсынысымен Қармақшы аудандық партия конференциясында аупарткомның екінші хатшысы болып сайланады. Ал 1954 жылы СОКП Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Ақжар МТС-ы жөніндегі аймақтық хатшы болып тағайындалады. Бұл тың және тұнайған жерлерді игеру басталған кезең еді. 1956 жылы Ақжар МТС-ның орнына совхоз ұйымдастырылып, Бөкенді Қармақшы МТС-ы директорылығына бекітеді. Мұнда аупарткомның бірінші хатшысы К.Қарақозов, салалық хатшы Н.Нақыпов және аупартком төрағасы Ж.Бекбауовтармен бірлесіп, қоян-қолтық жұмыс істейді.

1958 жыл Бөкеннің ерекше есінде десек болады. Осы жылы ол партиялық қызметке қайта оралып, Қазалы аудандық партия конференциясында ауаткомның екінші хатшысы болып сайланады, ал келесі 1959 жылы аупартком пленумы оны бірінші хатшы етіп бекітеді. Мұнда ол ауданның белгілі азаматтары А.Тыныбаев, Е.Бозғұлов, Е.Төлеков, Е.Көшербаев, К.Шагиев, Т.Оразовтармен араласып-құраласып қызмет етеді. Сол қызметте жүргенде 1960 жылы аудан коммунистері атынан Қазақстан Компартиясының XV съезіне делегат болып қатысады.

Бөрібай Құлманов одан беріде бірнеше жыл қатарынан мемлекеттік, халықтық, партиялық бақылау жүйесінде басшы қызметтерде болып, 1986 жылы обкомның парткомиссиясы төрағасының қызметінен зейнетке шықты. Одан кейін де Қызылорда экспериментальды-механикалық жөндеу заво­дында кадр бөлімінің бастығы қызметін атқарып, завод директоры Асылбек Ибраевпен төрт жыл қызметтес болды.

Соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлмановтың өмір жолы, міне, осындай. Ал оның отбасы, ошағы жайлы айтар болсақ, өмірлік жары Фатима Зариповамен Алма­тыда партия мектебінде оқып жүргенде та­ны­сады. Фатима апай ол кезде рес­пуб­лика комсомолы орталық комитетінде жұмыс істейді екен. Бөкен партия мектебін бітір­ген жылы екеуі үйленіп, бас қосып Қызылордаға келеді. Сүйген жары алғашында қалалық партия комитетінде қызмет істейді, кейін мек­тепке ауысып, ұстаздық жасайды. Беріде балабақша менгерушілігінен зейнетке шығады. Өкініштісі, Фатима Абдуллақызы 2008 жылы 87 жасында дүниеден озды. Ерлі-зайыпты екеуі үш перзент сүйді. Бөкеннің үлкен қызы Шолпан ғылым докторы, Қазақ мемлекеттік қыздар пединститутында кафедра менгерушісі. Екінші қызы Гүлнар мұғалім, күйеуі Болат Абдуллаев бизнеспен айналысады. Кенже қызы Света қаладағы «Парасат» мектебінің директоры. Бөкеннің бұл күнде бауырынан өрген ұрпағынан не­ме­ре, шөбере сүйіп отырған жайы бар.

Халық аузында «ұл­кейгенде адам бала болады» деген де сөз бар. Менінше, бұл кісі ұлғайғанда ақ көңіл, ақ жарқын, бала мінезді болады дегенді білдірсе керек. Осы секілді қисын, қағидаларды тілге тиек еткендегі ай­тар­ымыз – Бөрібай Құлманов ағамыз жаксы жасап, жақсы ұлғайған, өмірі мен өнегесі ізіне ерген інілері – біз­дерге, одан қалды кейінгі ұрпаққа үлгі болардай абыройлы азамат, қадірменді қария. Осылайша ой қорытқанда, торқалы токсан жас аса бекіскенеді, содан шаршамай-шалдықпай, қажымай-талмай абыройлы асқандардың алдыңғы қатарынан Бөрібай ағаны көргендей боламын.

Ендіше, торқалы токсан бес жасыңыз құтты болсын, алдымызда аршындап жүре бер, Бөрібай аға.

Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ.

МАЙДАНҒЕР

жұмыс, ілік-шатысы бар партия мүшелерінің аяғын тартып тұратын, аңдысын аңдайтын қызмет. Әдетте, көп жағдайда десе де болады, осындай бақылау, қадағалаумен айналысатын мекеме басшылары, тіпті қатардағы кейбір қызметкерлері де қабағынан қар жауып, айналасына айбат шегіп тұратын. Біз тілге тиек етіп отырған Бөрібай Құлмановтың талғамы да, табиғаты да мүлде басқашалау еді.

Сол Бөрібай ағамызбен терең танысып-білісудің, асықпай-аптықпай әңгіме аралатып, сұхбат құрудың сәті беріде түсті. Қазір біздің де ардагер деген атты неленіп, алдыңғы буын ағалардың соңына ілесіп қалған кезіміз. Осыдан біраз жылдай бұрын облыстық денсаулық сақтау орталығының ардагерлерге арналған бөлмішесінде Бөкенмен бірге ем алушы реті келген еді. Аурухананың аты аурухана, ем-дом алып біткен соң қол бос, қасындағылармен қалжыңдасып болса да уақыт өткізсең, сырқатты жеңілдегендей, қабылдаған дәрі-дәрмегін дарығандай сезінесің. Осындағы өзiмнен үлкендердің ішінен Бөкене бүйрегім бұра береді, жағдайып білгенсіп жанынан шықпаймын. Келе-келе, бой үйренісе ол кісі де мен жатқан палатаға бас сұғатын болды. Алғашқыда алым-берім азын-аулақ, кейін ұзағырақ әңгіме-дүкені құрып отырып қалатын болдық. Сондай-сондайдың соны сырласуға ұлысып бара жатқандай еді. Енді бірде: – Аға, сіздің Бөрібай аталуыңыз қалай? – деп қанша едім. Бөкен шабытты шағында екен, ай содан айы­з­мды қандырып ағытылды-ай келіп.

Арда қанша уақыт өткені белгісіз, Бөкен бар өмір жолын қолмен қойғандай етіп, көз алдымнан өткізді. Маған құпия қойма ашы­лып, шиыршық атқан өмір шындығы «мен мұндалағандай» әсер етті. Зерттеп, зерделе­ген қаламгерге мынау таптырмас тақырып, тәлім етер тағдыр.

– Бөке-ау, осының баршасын сыртқа шығармай, бойыңызда қалай сақтап келгенсіз? – деймін қызығушылық танытып.

– Інім-ау, мен табиғатымнан тағдырым, атқарған қызметім, жасаған жұмысым жайлы айтуға келгенде тартыншақтау, тақуалау адамымын, – деп ойланғандай болып отырды да Бөкен: – Шанымыды айтсам, өзіндей қаламгер адамға ақтарылып сыр ашып отырғаным осы. Ол да өзінді іш тартып, жақын көргенімен болар, – деп жеңілдегендей болып тыныс созған еді.

Сол сұхбат кейін «Сыр бойында» «Қанеки, тілім, сөйлеші» айдарымен жарық көрді. Ол көзі қаракты оқырманға таныс бо­лар. Кейінірек Бөрібай ағаман ойламаған жерден ұшырасып, құшақтасып қауышып, мәре-сәре болған едік. Сөз арасында Бөкен: – Әскержан, бұл ағаң қарап жүрмей токсан жылдығын атап өткізі бар. Қыздар, күйеу балалар, ағайын-туысқан сондай ұйғарым жасаған соң, қарсы бола қойғаным жоқ. Ал енді өзін сол басқосуда боласың, – деген еді.

– Аға-ау, торқалы токсанда жасамаған тойды қашан жасайсыз?! – деп жатырмын мен де құптағандай болып, құтты болсын ай­тып.

Айтарын айтсақ та, артынан ойла­нып қалғандай жайымыз бар. Толағай токсан екінші бірінші, егіздің сыңарының қолына түсе беретін жас емес, оған жете ал­май жары жолда жер жастанып жатқандар қаншама?! Тіпті асыра айтқан кісіге торқалы токсан жасқа аман-есен, абыройлы жетуді ерлікпен парпарар десе де болған­дай. Оның үстіне Бөрібай Құлманов екінші бірі емес, кемеліне келген кезінде ауданды басқарған, үлкенді-кішілі мемлекеттік мекемелер-

құлағдар еткенді жөн деп білдік. Бұнымызды ойлы оқырман дұрыс қабылдап деген игі ниеттеміз. Сонымен ендігі әңгіме соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлманов ағаның тар жол, тайғақ кешулері мол ғұмырбаяны жайында болмақшы.

Түбі Жаппас атадан тараған Бөрібай ағаның атажұрты сонау солтүстіктегі Қостанай аймағы болса керек. Жылдар бойы қалыптасқан үрдіс бойынша сон­да жаз жайлап, қоңыр күздің аяғын ала Сыр бойына құлайтын көрінеді. Негізгі шаруа көзі малға байланысты болған соң, соның ыңғайымен түгін түтетіп, тіршілік еткен. Өз әкесі Құлман Срамұлы мен анасы Зылика Түттібекқызы азын-аулақ қара-құрасын талшық етіп, ағайын-жұртымен бірге көшіп-қонып ғұмыр кешкен. Әкесі Құлманның ай­туынша, 1920 – мешін жылы Арқада мал төлдетіп, жаз жайлап, күзем алып болған соң Ресейдің Орск (Жаманқала) қаласына барып, мал сатып, керек-жарактарын алып, Сырға қарай қозғалады. Қараша айының ба­сында жол-жөнекей қатты боран соғып, ал­дына салған малдан айырылып, аса ауыр жағдайға душар болады. Аяғы ауыр Зылика ана түйе үстіндегі қоршауда толғатып, сол қараша айының жетінші жұлдызы күні «Бөрібай» деген құдықтың басында торсық шеке ұлды дүниеге әкеледі. Жарық көрген жас нәрестенің кіндігін өзі кескен әкесі оның атын азан шакырып, Бөрібай деп қойған екен.

Малдан айырылған Құлман енді көш­конды қойып, Сырда қалып егішшілік кәсіпке ден қояды. 1928-1930 жылдардағы колхоз­дастыру кезінде жанадан құрылған артель­ге мүше болып кіреді. Кейінірек Қызылорда қаласына көшіп келіп, питомникте жұмыс істейді.

Қиын-қыстау, қысталаң шақта дүниеге келген Бөрібайдың балалық шағы да қайғы-қасіретсіз бола қойған жоқ. 1932 жылы ата­насы безгек ауруынан қайтыс болады да, одан әрі ағайын-туыстардың қолында, одан әрі жетім балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол мектеп есігін сегіз жасында ашады. Алғашқы сауатты «Зінктер» бастауыш мектебінде алады. (Ол Сырдария ауданының Амангелді ауылының аумағында). Одан әрі отбасының Қызылордаға көшіп келуіне байланысты қаладағы «1 Май» мектебінде жалғастырады.

Жетімдік пен жоқшылыққа төзіп өскен Бөрібай ағаның қанаты ерте қатығып, ерте есейеді. Жетіжылдық білімнен қаладағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, оны ойдағыдай тәмамдаған соң, Сырдария ауданының ауылшаруашылық бөлімінде мамандығы бойынша жұмыс істейді. Еңбекке етене араласып, енді-енді еркін қимылдап, ел көзіне түсе бастаған тұста ол әскер қатарына шақырылады. Бұл – 1940 жыл болатын. Облыстық әскери комиссариаттағылар оған: – Орта білімі барларды әскери училище­ге жіберіп жатырмыз. Сені Мәскеудегі үш жылдық инженерлік училищесіне жаздық. Соған барасың, дайындал, – дегенді айта­ды. Бұның ағайын-туысқандарының арасында бұрын-соңды әскерде болған, осындайда ақыл қосатындай адам жоқ. Содан неде бол­са қатардағы сарнауыз солдат болғаннан гөрі училищесіде оқыған жөн болар деп облыстық әскери комиссариат берген құжаттарды құшақтап Мәскеуге қат тартады. №56 пойыз­бен бес тәулік жүріп Қазан вокзалынан түсіп, Мәскеудің Митища ауданындағы аталған училищеге құжат тапсырып, медкомиссиядан өтуге дайындалады. Алайда, бұл училище­де оқудың сәті түспейді. Училище бастығы орын толғанып, қабылдау аяқталғанын ай­



маусым күні немістердің Совет елінің шека­расын бұзып, соғыс ашқанын хабарлады. Со­дан училищенің оқу мерзімі қысқарып, сол жылдың қазан айында курсанттар майданға аттанды.

Жас офицер лейтенант Бөрібай Құлманов Орал әскери округіне қарасты Челябинск қаласы жанындағы «Шұбаркөл» лагеріне орналасқан 373-ші дивизияға жіберіледі. Аталған дивизия негізінен Оралдың жұмысшыларынан жасакталған еді. Бөкен аталған дивизияның 12/56 полкіне қарасты минометшілер ротасының командирі болып майданға енеді.

Аталған дивизия Калинин майданы құрамында қараша айында Ржев қаласына жақын Торжок деген стансаға келіп түседі. Дивизия командирі Горбунов полк командирі Абросимовты командалық пунктінде шақырып алып, жағдайды баяндайды, немістердің қай жерде қандай бекінісі барын айтады. Солар­ды атқылау батальон командирі Полоускинге, оның ішінде Бөрібай Құлманов басқаратын екінші ротаға тапсырылады. Мақсат – алда тұрған «Сосновка» селосын жаудан босатып, соған барып бекіну болады.

– Алапат атыс екі күнге созылды, – дейді Бөкен сұрапыл соғысқа алғаш кіріскен шақтарын есіне алып. – Немістердің бірнеше окоптары мен траншейлерін және төрт блиндажын жойдық. Сөйтіп селоны жау­дан босатып, блиндажда жасырынған неміс офицерлері мен солдаттарын тұтқындадық. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, көптеген сол­даттар қаза тапты. Оның ішінде минометшілер ротасының командирі, кіші лейтенант Моро­зов та бар еді...

Жан алысып, жан беріскен қанды қыр­ғында қаза болу немесе ауыр жарақат алу күнделікті болып жататын құбылыс. Оған да бой үйренеді. «Петровка» елді мекені үшін болған ұрыста Бөкен ауыр жараланады. Ми­наның жарқыншағы жон арқасынан тиіп, үш-төрт қабырғасын сындырып, өкпесін жа­ралап, іште қалады. Есінен танып, қансырап жатқан жерінен сол тұрғындары көріп, кө­теріп үйіріне апарып, артынан жәрдем кел­генше күтіп, көмек көрсетеді. Содан ал­дымен дивизияның санитарлық бөлімінде бір күн, одан әрі Торжок көшпелі әскери госпиталінде жиырма күн емделеді. Алайда ауыр жаракаттың беті қайтмайды. Ем­дом әрі қарай жалғасып, Иваново, Юматов және Уфа қалаларындағы госпиталдарда алты ай емделеді. Соңғысында операция жа­сап, денесіндегі жарқыншақты алады. Содан кейін ғана жазылып, жаны жай тапқандай бо­лады.

Емделіп, өз-өзіне келгендей болған шақта мұны Алматыдағы 32-ші бригаданың (командирі Шерстюк) 29-полкының қарамағына жібереді. Полк командирі На­сипулин, штаб бастығы Шитов деген кісілер болатын. Мұнда Бөрібай Құлманов рота командирі болып тағайындалып, ағамыз жаксы шақырылған жастарды оқытып, майданға жіберумен айналысады.

1945 жылдың наурыз айында ол май­дан даласына қайта оралады. Өзі соғысқа дайын­даған солдаттардан жасакталған ар­найы батальон құрамында Бірінші Бела­рус майданы жауынгерлерімен қанаттасып ұрысқа енеді. Польшаның Ченстокова, Берс­лау, немістің Штеттин қалаларын жаудан босатуға қатысады. Осы Штеттин қаласында Совет Армиясының Берлинді босатқан 2 ма­мырды және 9 мамыр – Жеңіс күнін тойлай­ды.



Әбдіжәлел Бәкір Айдарлының тумасы. Кіндігі осы ауылдың Құмшылғанак деген жерінде байланған. Қазіргі атауы Қарақұм. Әбдіжәлелдің түп нағашысы Қалымбет пен менің атам Сарымбет екеуі бірге туған. Жәкеннің менен төрт айдан астам үлкендігі бар. Ол, менің Астанадағы ағайым болды.

Біздің дүние есігін ашқан уақытымыз адамдардың тісін санап ша шамасын анықтайтын заман-тұғын. Халықтың сауаты өте төмен. Оның үстіне араб әрпінен, латын әрпіне, одан соң осы күнгі кириллицаға ауысып жатқан астан-кестен дүние, “Сорлының маңдайы, сопақ астаудай” деген мәтел екінің бірінің аузындағы сұрықсыз дүниенің анықтаушысы болған сұрқай шақ еді. Жылылғанға жұдырық дегендей біз еңсемізді енді көтерген шақта екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Әкелеріміз соғысқа кетіп, қанмайдаңда қаза тапты. Шешелеріміз түнде бар да, күндіз жоқ. Еңбек майданында. Мен әжем Назибінің, ал Әбдіжәлел нағашы әжесі Ахметтің тәрбиесінде болды.


10 жылдан асса да, ана тілімізге мемлекеттік көзқарас жеткілікті емес. Ең алдымен мемлекеттік тіліміздің қазақ мектептеріндегі оқытылу жағдайы төмен. Оның үстіне қазақ мектептерінің жетімсіздігінен республикадағы барлық қазақ балаларының 22 пайызы орыс мектептерінде оқиды. Көптеген орыс мектептерінде қазақ тілінің маманы жоқ. Осы орайда екі рет Парламенттік тыңдау өткізілді. Біріншісі, 2000 жылғы 26 мамырда “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” ҚР заңының орындалу барысы жөнінде. Екіншісі, 2002 жылғы 24 мамырдағы “Республикадағы білім берудің жай-күйі мен даму болашағы” жайлы.

Шіркін, мектептердегі қазақ тілі мұғалімдерінің қатарында өз тілін тамаша білетін, ұлттық ойлау жүйесі жетілген, тілі оралымды да әсем, ойы ұшқыр да терең, шебер де шешен сөйлей алатын майталман тілшілер мен әдебиетшілер көбірек болар ма еді. Соны армандаймын. Бұл имандай шыным, – деп тебіренді Әбдіжәлел тіл туралы әңгіме қозғалғанда. Сынайы осы мәселелердің Пар-

өмір сүрген дәуірге жетелейді. Сонау ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламадағы босып бара жатқан қайран жұртым, қазағымның кейпі келесі көз алдына. Бірінен соң бірі пойызбен жарысып келе жатқан қыраттар сол бабалардың ізі мен сүйегі қалған әр дәуірдің ескерткіштері тәріздес. Менің түпкі атам Торыдан тараған Иманжүсіптің, Жаназар, Құдайменді (Көкмұрын), Басбақ батырлардың салған жолдары мен қалған іздерін көргендеймін. Мына таулы, қыратты шексіз кең даланы солардың пейілі мен ақыл-ойының, құшағының ауқымы кендігіне ұқсатамын. Қайран дүние кімнің басынан өтпеді десеңші.

Пойыз бірсыдырғы зуылдап, жүйткіп келеді. Анда-санда доңғалақтары сартылдап, жолаушыларды жайлап тербетіп қойғаны болмаса жаңға жайлы. Бірінші күн өтті. Екінші күннің таңы да атты. Онаша ой – онаша отау. Астанадағы ең биік үй – Парламент үйі. Қазақстан халқының ақыл-ойын саралап, сарапқа салатын, мемлекеттік құрылымдардың ара-қатынасы жүйесін жасаушы, жаңа

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ



Еліміздің Білім және ғылым министрлігі жыл соңында үздік ғылыми зерттеулерге арналған байгеңің қорытындысын шығарып, осы саладағы атаулы сыйлық иегерлерінің есімі белгілі болады.

Биыл гуманитарлық зерттеулер саласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» атты ұжымдық монографиясы үшін филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Дихан Қамзабекулы, Бауыржан Омарұлы, Амантай Шәріп лайық деп танылды. Үшеуі де қазақ әдебиеттануы саласында өзіндік орны бар белгілі ғалымдар. Бауыржан Омарұлы мен Амантай Шәріп – біздің жерлестеріміз. Аймақ идеологиясын дамытуда игілікті бастама көтеріп, елге қызмет жасаған азаматтар.

«Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Алаш» рухани даму институтында атқарылған ғылыми жоба. Жетекшісі – Амантай Шәріп. Әдебиеттегі ұлттық құндылықтарды зерделеу, ментальділік мәселесін жан-жақты қарастырған бұл зерттеу білікті мамандар тарапынан қолдау тапты. Осы зерттеу жайлы газетімізде профессор Бағдат Кәрібозұлының терең талдауға толы мақаласы жарияланған болатын.

Жерлестерімізді жаңа жетістіктерімен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден.

●22 ЖЕЛТОҚСАН – ЭНЕРГЕТИКТЕР КҮНІ

ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ЭНЕРГЕТИК

Теледидарға құлақ тосамыз, газеттерді шолып өтеміз. Жаңалық іздейміз. Солар көзге түссе, құныға оқимыз. Міне, аудандық басшылымыда жарияланған шағын мақалаға назар аудардық...

«Біздің нөмірі 13-ші орта мектепті 1966-1967 оқу жылында бес оқушы алтын медальмен бітіріпті» дегті. Оуу, бұл дегенің керемет қой. Авторға телефон шалдық. Медалистердің аты-жөнін сұрадық. «Білмедім, мен де бір әдебиеттен көргенмін» деді.

Сол жылдардағы мектеп директорын іздегірттік. Тауып, хабарластық. «Есімде жоқ, одан бері де зымырап нәшеме жылдар өтіпті-ау» деп ақталды. Расы солай. Ешқайсысын кінәлай алмайсың. Сөйтіп сол медалистермен кездесіп, қазіргі жастарға үлгі етіп насихаттасак деген ойымыз көмескіленіп, күнделік дәптердің бетінде қала берді.

Иә, солай. Күнді қуалап түн өтеді. Апта, айлар зулайды. Түс ауа байланыс желісі арқылы зәрілі дауыс дүңк етті.

– Үйімді балталап кетті, тез келіп куә болыңыз, – деді.

– Ау-у, қайдан сөйлеп тұрсың, өзіңіз кімсіз? – Бір мекеменің бас электртігімін, жеке меншік қонысымды бүлдіргендер де энергетиктер...

Алас ұрып жетіп барайық. Пәлендей қираған ештеңе жоқ. Өлгі бас электрік Әбенбай мырзаның қора-қопсы, тауық қамайтын орнына дейін электр сымы тартылып, іші-сырты жарқырап тұр. Лампочка саны, әй, бір отыз қаралы бар-ау. Ал, төлем үш-төрт лампочканың есебіндей ғана. Демек, ұрлық. Монтер ескертеді. Тыңдамайды. Өзгесі баралы. Мұрнын шыаралы. Содан «Дәулетэнерго» ЖШС-ның бас инженері Айтжан Сманов барып:

– Поле, мына жерде, – деп үйдің бір бұрышын жұдырығымен соққылайды.

Әбенбайның бақырып: – Осыдан ұрлық ізін таба алмасаң, басыңмен жауап бересің, – деп екеуі текетірескен үстіне ЖШС директоры К.Ердіхалыков келіп:

– Жауапкершілікті өң мойныма аламын, – дейді де бас инженері көрсеткен тұсты лом темірдің ұшымен түртіп қалса, сылақтың аржағынан жасырын жүргізілген сым ұшы шығады. Сөйтсе, бұл қитұрлыққа ғимараттың иесі оның іргесі қаланған кезде-ақ кіркіспен екен. Сонымен ол сабазың отыз мың теңге айыппұл төлеп, «әке-көкелем» шаққа құтылды.

Бұл бір XX ғасырдың аяқталып, XXI ғасырға қадам басар шамадағы қиын-қыстау тұсы еді. Зейнет, жәрдемақы кешігіп беріліп, жұрттың төлем қабілеті төмен-ді. Десе де, жарық үздіксіз беріліп тұрды. Осы мән-жайды білмек болып, бас инженер А.Смановтан: – Әуелі өзіңіз жайлы ақпарат беріңізші? – деп сыр тарттық.

– Е-е, мен бе, осы қаладағы №13-ші орта мектепті 1967 жылы бітірдім. Онда мен 17 жаста едім.

– Тұра қал, қайталашы! –депін, әлде бір жоғалтып алған асыл дүнием табылғандай орынман ұшып тұрды.

– Не қайталайтыны бар, расы солай, – деді ол менің тосын сауалыма таңданып.

– Сол жылы мектеп бітіргендердің бесеуі алтын медалист атаныпты ғой, есімін аташы, кімдер олар?

– Жок ә, – деді Айтжан күліп, – ол бекер, бесеу емес, екеу. Және алтын емес. Күміс медаль. 10-шы сынып үшеу еді. Оқушы саны – 96. Сондағы медаль алған екеудің бірі – мына мен, Сманов деген ініңіз болады. Екіншісі «Көкаралдық» Әмірзақ Төлепов еді. Алтын медальға да ілінетіндей қабілетім барды, әдебиет пәнінің шығармасынан ғана төрттік баға алып қалдым.

– Медалистерді жоғары оқу орнына емтихансыз қабылдайтын еді ғой, Алматыға жөнелдіңіз бе?

– Иә, институтқа түстім. Бірақ оқу министрі Білаловке өтініш жазып, үш айдан кейін қайтып келіп, пнионерлер үйіне жұмысқа тұрдым.

– Апырай, ә?

– Мен әкемді көргенім жоқ. Артық есімді анам үй шаруасындағы адам. Алдымдағы Бакыт ағам сырқат, дімқас. Өне, семья жағдайым солай еді. Бір жылдан кейін тікелей Мәскеуге қарайтын Алматыдағы энерго-құрылыс техникумына қабылдандым, онда екі жыл оқып, мамандығым сәйкес аудандық электр жүйесіне электрік-монтер болып орналастым. Ал қазақтың ауыл шаруашылығы институтын инженер-электрик дипломын еңбектен қол үзбей жүріп алдым.

– Мұнда, мына «Дәулетэнерго» ЖШС-на қалай келдіңіз?

ламентте қаралуына да өзі тікелей мұрындық болған сияқты.

Мемлекеттік тіл тағдырына алаңдап, үнемі мәселе көтеріп жүретін Әбдіжәлел заңдардың қазақ тіліне дұрыс, қазақша әдеби ойлау, сөйлеу жүйесімен аударылмауын қынжыла отырып әңгімелейді.

Әңгіме елдің әлеуметтік жағдайы мен ауылды өркендету және жер иеленудің жаңаша құқықтары төңірегіне ауысқанда депутаттық толғандырып жүрген мәселелер сол ауыл аламы менің де көкейімде жүрген ойлардың күйін толғағандай болды. Қорытып айтқаны – адам өзін қоршаған ортаның, яғни өзі өмір сүрген қоғамның қыры мен сырын жетік білсе ғана жемісті еңбек ете алады. Топырақтың құнын дұрыс пайымдай алмай тұрып мол өнім алған диканды, өрісінің жөн-жобасын білмей тұрып малын қонды қылған малшыны кім көріпті. Өрине, қай істе болмасын мол тәжірибе, аса білгілділік керек. Заңды ұсынушыға да, оны қабылдаушыға да қойылар талап біреу. Ол – білгілділік. Тілін де, ділін де, дінің де, ата-салт дәстүрін де, саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайың да осының аясына жатады. Бұларсыз өркенітеті елдер қатарында терезенді тең ұстау мүмкін болмас еді, – деп толғайды Жәкен.

Айтылатын әңгіме көп. Парламент үйіндегі депутаттың жұмыс болмасының үлкен терезесінен қаланың күнгей беттегі онтүстік өңірінің жартысы түгелдей көрініп тұр. Қай нәрсені де биіктен көріп-танып білгенге не жетсін?! Жәкеннің туған елі – байтақ Қазақстанның бүгінгі мен ертеңіне байланысты айтқан ойлары мен пікірлері баурап алады. Біз өмір сүріп отырған ортаға мүлдем ұқсамайтын басқа орбита, басқа биіктік, басқа ойлау жүйесі, физика тілімен айтқанда қым-қиғаш механикалық жұмыс, химиялық тілмен айтсақ сөзді, сөздік механизмді синтездеу. Яғни, бүкіл қазақ халқының ақыл-ойы мен ар-ожданының, іс-әрекетінің өмір сүру тәсілдерін жасаушы заң шығарушы орган – Парламенттің лаборатория. Осындай ойлармен Парламент үйінен тысқа шықтық. Дала қақап тұр. Күн суық. Айта беретін желтоқсанның қасқа бораны. Ертең жаңа жыл.

Сол 2003 жылды Жәкеннің үйінде Толғанаидың дайындаған дастарқанының басында отырып қарсы алдық едік.

Астана – Қызылорда жолаушылар пойызы. Таң атқан, күннің шапағы вагон ішін нұрландырып тұр. Терезеден сырттағы көріністерге еріксіз көз саласын. Жер-Ана аппақ көрпесін жамылып бар тіршілікті бауырына басып алғандай бұйығы кейіпте. Табиғаттың мынау сиқырлы сыры сенің де санаңа шайдай ашық ақ сәулесін түсіргендей, қиялңды әр тарапқа жетелейді. Астанада өткен екі күн. Жәкен кабинетіндегі әңгімелер: ғасырдың ғасырға ауысып жатқан қоғам мен қоғамның, адам мен адамдар ара-қатынарындағы шешімін күтіп тұрған проблемалар.

Жер аппақ. Аппақ көрпесін жамылып алған. Жүйрік пойыз. Жүйрік ой. Уақыт одан да жүйрік. Аясы кең вагон терезесінен қар жамылған қыраттар мен алыстағы биік тау сілемдері көрінеді. Пойызбен алғаш рет осында 50 жыл бұрын оқу іздеп Алматыға келгенім есімде. Онда жаз айы еді. Жер беті жап-жасыл, бар тіршілігін бүкілпесіз жайып салып, көздің жауын алатын, ғажап сұлу болатын.

Бұл жолмен кімдер жүрмеді десеңші. Әр дәуірдің айтып аңызға бергісіз қызығы мен шыжығы бар. Қуанышты күндері мен азапты күндері де көп болған. Арғы жағын айтпай-ақ көзін көрген қарт адамдардың басынан кешкендерінің өзі үш ғасырдың тарихы. Менің өзім де үш ғасырдың адамы сияқтымын. Өзім көзім көріп өнегесін алып, небір тарихи әңгімелерін естіген атам XIX ғасырдың адамы, әкем болса да XX ғасырдың тумасы. Мен XXI ғасырдағы осылардың жалғасымын.

Мына қазақтың кең даласының бауырына басып жатқан сырлары арғы аталарым



заманның киелі ордасында отырып айтылған әңгіменің жалғасы ойға оралады.

– Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуының кезеңі басталды, – дейді Әбдіжәлел Қошқарұлы. – Алайда саяси серпіліс егемен еліміздің әрбір азаматын түгел қамти алмай тұр. Осы бағытта, қоғамымызды саяси оятуда халқымыздың тікелей өкілдерінің басын құрап отырған Парламенттің қосар үлесі ерен екені даусыз, – деп сөз сабақтайды.

– Еліміздегі кез келген ұлттың мүддесі болсын, игілігі мен діні болсын, қазақтың мүддесінен, игілігі мен ділінен анағұрлым артық қорғалса да басқа тілдегі ақпарат құралдары отқа май құйып жатады. Мынаны қараңыз дейді Жәкен: – Қазақстандағы 1636 газеттің 390-ы, 682 журналдың 68-і ғана ұлттық тілімізде жұмыс істейді. Егемен мемлекетпіз. Етек-жеңімзді бүгін жинамағанда қашан жинаймыз? Жаһандану тұр жұтып қойғалы. Осы ретте айтуға тұра келеді. Қазақ өз ұлтын сүйіп, ұлт мүддесін ойлай қалса, сонысын ұлттар достығына сызат түсірді, – деп жазғырғысы келетіндер де жоқ емес. Адами қасиеттер – халыққа қызмет ету, ұлтының азаматы болу, ұлт жолында өмірін сарп ету нағыз абыройға бөлейтін дүниелер осы, –деп түйіндейді ол.

Осындай үзін-үзін ой жетегімен отырып Қызылордаға да келіп жеттім. Кейін Әбдіжәлел Бөкрідің бұл айтқан әңгімелеріне байланысты мемлекеттің ең өзекті мәселелері “Тәуелсіздік тағдыры”, “Қазақстан Республикасы кәсіби Парламентінің қалыптасуы” деген атаумен екі томдық кітап болып баспадан шықты. Саяси ғылымдарының докторы, профессор атақтарын иеленді. Байтақ Отанымыздың Астанасында Айдарлының бір жылдызының жапын тұрғанына маркайып мен де арқаланып ауылға жеттім.

Р.С. Әбдіжәлел Қошқарұлы үстеміздегі желтоқсан айының жиырма үшінші жылдызында 75 жастың асқар асуынан асды. Өзінен гөрі өзгенің қам-қаракетін көбірек ойлайтын оның біраздан бергі ой-арманы осы биыл орындалғандай. Байырғы Ботабай қанының аяғын созып, тұған ауылы Айдарлыға алып келсем деген арманы жүзеге аспақшы. Қазір бұл жөніндегі жұмыстар қызу жүріп жатыр. Жалпы ұзындығы 23 шақырым, оның ішінде тыңнан түрілетін 18 шақырым келетін канал құрылысын облыстық су шаруашылығы мекемесінің екі экскаваторы мен екі бульдозері қарқынды жүргізіп жатыр. Сәтін салса, ол жаңа жыл қарсаңында толық аяқталды. Осының баршысына бас-көз болып жүрген Әбдіжәлел Бөккірге жерлестері, ауыл азаматтары дән риза. Лайым, осынау жомарт жүректі жанды жаратушы аманда қолдап, жақсылықтарымен жарықтай бергей.

Қалдыбек АЙТБАЙҰЛЫ.

ДОС МҮРАТЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2 және 3 шақырылымының депутаты Әбдіжәлел Бәкір туралы

Біздің балалық шағымыз 1940 жылдардың екінші жартысында өтті. Ол кез сұрапыл соғыстың соңғы жылдары мен соғыстан қираған қалаларды, күйзелген елді мекендерді қайта қалпына келтіру кезеңі болатын. Соғыс салған ауыр жараның асқынып тұрған шағы еді.

Сол кездегі қоғамның ең негізгі арқасүйер күші – ауылдағы кемпір-шал, жесір қалған қатын-қалап, бала-шаға, бірен-саран бір қолы немесе бір аяғы жоқ соғыстан қайтқан жаралылар ғана. Ауылдағы бар жұмыс қолмен атқарылады.

Елдегі ең қуатты шаруашылық құралы пар өгіз жеккен төрт доңғалақты екі арба. Олан басқа күш көлігі басшылар мінетін 3-4 ат бағымда тұратын. Ол кездегі барлық күнкіростің көзі халықтың қолындағы бірді-екілі ірі қара, үш-төрт уақ мал еді.

“Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін” деген ұран сол кезеңнің басты бағдары еді, ең арғысы қолдан тоқылған киім-кешекке дейін Отан қорғау қорларына жіберетін. Осы күнгі өмір сүріп отырған ұрпаққа түсініксіз, тіптен қажеті жоқ бұл әңгімелерді біздің адам болып қалыптасуымыздың бастауындағы тарихи кездерді болғаннан соң қағаз бетіне түсіруге тұра келді. Біз сонда да болса ойнан-күліп өстік. Ал соғыс өрті шарығын бүкіл Еуропа елдерінің балалары күлмек түгілі жылауға да шамасы келмей, окка байланып, қырылып жатқан тірі жанды дозаққа айдаған заман еді ол. Мектепке бірге бардық. Ерте есейдік. Жәкен мұғалімдікті тандады, мен ауылға келіп механизатор болдым. Кейін комсомол, партия қызметтерінде қатар істедік.

Әбдіжәлел жастайынан білімге құштар болды. Мектеп табылдырығын аттамай тұрғанда-ақ атасы Ахметтен үйренген 20-30 атасына дейінгі шежірені жатқа айтатын. Бабалары Басбақ батыр, Сопбек аулие туралы әңгімелерден хабары мол, естігені мен көргені, жадына тұтқаны көп болатын. Ата тәрбиесінің аясында есейген ол жастайынан сырбаз, естияр адамдай кісілік қалпы бар, даналыққа құштар, арманышыл, бейнестор болып өсті. Көп оқыды. Мәскеуде оқып бойын түзеді. Көпті көрді. Небір ғұламалардан дәріс алды, дүниежүзілік адами өркеніеттің дамуының қыр-сырына қанықты. Сол арқылы өзінің алдына қойған мақсаттарына жетуің жолдарын анықнады. Облысты басқарып отырған ағалармен қоян-қолтық араласып, бірге жұмыс істеді. Аймақтағы саяси-ағарту саласы бойынша біртуар білікті тұлға болды. Ел, халықтың жай-күйін ұқты. Оның өсіп-өркендеуінің жанынашыры, халықтың көзайымына айналды.

2003 жылдың басында жолым түсіп Астанаға бардым. Астана болғалы бері бірінші рет көрім. Бұрындары іссапармен, немесе қыдырып дегендей бірнеше рет барғаным. Бірден көзге ұратыны ұлттық дүние-танымның тарихи айшықтары қала сәулеті мен көркіне әсерлі өң бере бастаған екен. Қазіргі қаладағы түбегейлі өзгерістердің ең алдымен саған ұқтырағы осы сияқты. Бұл, әрине, өз алдына бір тақырып.

Негізінен айтайын дегенім, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бәкір Әбдіжәлелмен кездесуім туралы еді. Әбдіжәлелдің қызмет болмасы Мәжіліс Үйінің жетініш қабатында екен. Мен барған күн демалыс болатын. Кең отырып сөйлесуге уақыт жеткілікті болды. Тыңдағаным халыққалаулысын бүгінгі таңдағы толғандырып жүрген мәселелер – Мемлекеттік тіл туралы, ҚР Конституциясының қазақ тіліне дұрыс аударылмауы, қазіргі ауылда тұратын халықтардың тұрмыс жағдайының проблемалары, жер туралы заң жобасы төңірегінде болды.

– Қайбір халық болмасын өз тілін дәріптемей, оны асқақтатпай кете алмаған. Өйткені туған тіл – сол халықтың тағдыры, рухани бағерметі. Асылы, тіліне қарап халықтардың әлеуметтік болмасын тану қиын болмаса керек. Алайда мәртебе берілгеніне

Шәкірат ДӨРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Арал қаласы.

2001 жылы қазан айының соңғы күндерінде Қызылордаға жұмыс сапарымен келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұшақ баспалдағынан түскен бойда әуежай вокзалын аралап көрді. Сол кезде пайдалануға берілгеніне көп уақыт бола қоймаған ғимараттың жолаушылар үшін жайлы екеніне ризашылығын білдірген. Әуежай кешенін 2700 метрлік ұшып-қону алаңы, бағыттау жолдары, күту және аялдау орындары құраған. Ал, әуе компаниясының міндетіне әуе тасымалында облыс қажетін өтеу және ауыр салмақтағы транзиттік әуе кемелеріне қызмет көрсету жататын. Осы жағдаймен жіті танысқан Мемлекет басшысы сол сапарында әуежайдың мүмкіндігін онан да ұлғайту қажеттігі жөнінде тапсырма берген.



Жалпы 1996 жылы “Қазақстан әуе жолы” ұлттық әуе компаниясы қайта құрылуына байланысты Қызылорда қаласында оның құрамына кіретін акционерлік қоғам түріндегі “Сыр сұңқары” әуе компаниясы құрылды. Ал, 2001 жылы ол “Қорқыт ата” әуежайы болып қайта жасақталды. Сөйтіп, 2007 жылы әуежайдың 100 пайыз мемлекеттік акциясы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке, яғни Қазақстан Республикасы Коммуникация және транспорт министрлігіне берілді.

Елбасы тапсырмасына орай 2008-2010 жылдары бұл әуежайда жаңа жобаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен 7,1 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға әуежайдың ұшып-қону алаңы қайта жөнделіп, сервистік және арнайы техникалармен жарақтандырылды. Өз кезегінде бұл салмағы 120 тонна болатын әуе кемелеріне кең көлемдегі транзиттік қызмет көрсетуге жол ашты.

Негізі әуежайдың ұшып-қону алаңына қайта жөндеу жасалғаннан кейін мұнда сыйымдылығы көп ұшақтарға қызмет көрсетуге зор мүмкіндік ашылды. Соның бір айғағы болса керек, бүгінгі күндер әуежайда аптасына 27 рейстерге қызмет көрсетіледі. Соның ішінде “Эир Астана” және “SKAT” әуе компаниялары көптеген қалаларға жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырады.

Дегенмен, қайта жөндеуден өткен сағатына 150 жолаушыларға қызмет көрсететін әуежайдың аэровокзалы қазіргі заман талабына сай болмады. Мұнда арнайы автокөлік техникаларына арналған құрылысы аяқталмаған жабық ангар қайта жөнделіп аэровокзал ретінде пайдаланылып келді. Ал бұл дегеніңіз халықаралық әуе тасымалын жасауға еш мүмкіндік бермейтін.

Бір ескере кетерлігі, Қызылорда облысы үстінен алыс та жақын шетелдерге көптеген әуе жолдары өтеді. Халықаралық мәртебесі жоқ әрі географиялық жағынан қолайлы жерге орналасқан әуежай өзінің бар мүмкіндігін пайдалана алмай келді.



Сөйтіп, әуе кеңістігі бағытындағы жұмысын кеңейте алмады. Соның әсерінен аймақтың тұрғындары мен қонақтары шетелдерге Астана және Алматы әуежайлары арқылы ұшып жүрді. Мұның барлығы айналып келгенде халықаралық үлгідегі қазіргі заманғы жолаушылар терминалын салу қажеттігін көрсетті.

Осы жайларды ескерген облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен бюджеттен тыс қаржы есебінен Қызылорда қаласы әуежайынан жолаушыларға қызмет көрсететін халықаралық терминал құрылысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалды. Қазіргі күні «Қазазэрожоба

үлескерлердің қатысуымен “Қызылорда қаласының әуе терминалы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі біріккен кәсіпорны құрылды. Реті келгенде айта кетейік, облыс әкімдігі тарапынан әуежай құрылысын қаржыландыру мәселесі толықтай шешімін тапты. Ал “Қазақстан темір жолы” ҰК АҚ-ның инвестициялық ұсыныстары инвестициялық комитет тарапынан мақұлданып, оның қаржылық мәселесін шешу “Самұрық-Қазына” әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының директорлар кеңесіне жіберілу үстінде. Жалпы, әуежайдан салынатын халықаралық терминал құрылысын алдағы жылы аяқтау жоспарланып

ҚЫЗЫЛОРДА ӘУЕЖАЙЫ ҚАНАТЫН ЖАЙДЫ

отыр.

Баршаға белгілі, облыс әкімі Қызылорда қаласының әуежайына халықаралық мәртебесін беру мәселесін көтерген болатын. Аймақ басшысының осы бастамасы кешегі қазан айында қолдауға ие болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қызылорда әуежайына халықаралық мәртебесі берілді. Соның нәтижесінде қараша айының басынан бастап “Airport Management Group” республикалық әуежайлар компаниясымен алдын ала келіссөздер жүргізілді. Сөйтіп туроператорлар мен чартерлік рейстер, отандық және шетелдік әуе компанияларды Ресей, Түркия, Қытай және Біріккен Араб Әмірлігі секілді алыс та жақын шетелдерге халықаралық әуе көлігін ашу мақсатында шекара, кеден, санитарлық-эпидемиологиялық секілді тиісті қызметтер мен жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен, бүгінде өткізу қабілеттілігі сағатына 250 жолаушыға қызмет көрсететін Қызылорда қаласының жаңа жолаушылар терминалы құрылысының жұмыстары жүргізілуде. Ол толықтай аяқталғанда қызылордалықтардың әуе кеңістігін пайдаланудағы мүмкіндігі кеңейіп, шетелдерге еркін барып-қайтуларына жол ашылады.

Айғағи ҚАРАБАЛАЕВ.

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫР-СЫРЫ



Жуырда облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен экскурсия жетекшілері мен мұражай қызметкерлеріне арналған семинар-практикум өтті.

Ұйымдастырылып отырған іс-шараның мақсаты – ішкі және сыртқы туризмді дамыту және туристік қызмет көрсетуді ұсыну. Сондай-ақ, сапалы, бәсекеге қабілетті туристік өнімді ұсыну.

Шара барысында туризм саласында жұмыс жасап жатқан гид-аудармашылар мен экскурсия жетекшілері біліктілік деңгейін жоғарылатып қана қоймай, өңірдегі экскурсиялық ақпаратты және туристік нысандарды ұйымдастыру мен таныстыру бойынша біліктіліктерін арттырды.

Алдағы жылы өтетін «EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне ағылатын қонақтарды аймағымызда қабылдау үшін мұражай қызметкерлері мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру – бүгінгі күнгі өзекті мәселенің бірі. Осыған орай, жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында ұйымдастырылған шара Қызылорда қаласы және облыс төңірегіндегі тарихи-мәдени потенциалын экскурсия бағытын жүзеге асыру мен қамтамасыз етуді де міндеттейді.



Семинар бағдарламасында қамтылған экскурсиялық қызметтің нормативті-құқықтық және экономикалық қамтамасыз етілуін жетілдіру, жас мамандарды дайындаудың болашағы және оның өзекті мәселелері, материалдық және рухани мәдениетті сақтаудағы экскурсия жетекшілерінің рөлі, инновациялық технологияларды енгізу, тұрғындардың эстетикалық тәрбиесіне көңіл бөлу, халықаралық және аумақтық кәсіби қарым-қатынасты дамыту сияқты өзекті мәселелер сөз болды.

Семинар-практикумға облыстағы барлық мұражай қызметкерлері, аймақтық кәсіпкерлікті дамыту орталығы, Қорқыт ата атындағы университетінің археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері мен М.Мәмөтова атындағы гуманитарлық колледж студенттері қатысты.

Нұрбек САҒАДАТ.

● ТАҒЫМ

Уақыт бір орнында тұрмайтыны белгілі. Бірақ ізгіліктің ізі өшпейтін, жұрт жадында жаңғырып тұратын қолдар болады. Өмірден озғанына 20 жыл өтсе де, қызметтес інілері ізетпен еске алатын көйпекеріміз солардың қатарынан еді. Облыстың білім беру саласында 40 жылдан астам еңбек өткен ұлағатты ұстаз, білікті басшы, өнегелі істердің ұйтқысы бола білген Кенжәлі Атабаев талай толқынды тәрбиелеген тұлға болды.

Ғибратты ғұмыр иесі 1933 жылы қыркүйек айының 12-де Сырдария ауданы, «1 Май» атындағы колхозда дүниеге келген. 1940 жылы Сұлутөбе станциясындағы №41 М.В.Ломоносов орта мектебінің бірінші орыс сыныбына қабылданған ол қатынап оқу қиын болғандықтан ауылдағы №40 Г.К.Орджоникидзе мектебіне ауысып, 1950 жылы үздік аяқтады. Сол жылы Қызылорда педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне оқуға түсіп, 1954 жылы қызыл дипломмен бітірісімен облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен өзі оқыған №40 орта мектепке химия және биология пәнінің мұғалімі болып орналасады. Жас ұстаз білім берумен қатар зертханалық жұмыстарға да көңіл бөліп, шәкірттерінің қосымша білім алуына басшылық жасайды. 1955 жылдың қазан айында өскер қатарына алынған Кенжекең азаматтық борышын өтеп кел-

ЖАҚСЫЛЫҒЫ ЖҰРТ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН

ген соң ұстаздық жұмысын қайта жалғастырған. Сол жылдары «Мектептің білім беру ісін өмірмен байланыстыру» туралы Үкімет қаулысы қабылданады. Соған сай мектеп жанынан оқу-тәжірибе участогін және 7-10 сынып оқушыларынан өндірістік бригада ұйымдастырады. Бұл Н.С.Хрущевтің дәуірі еді. Жүгеріні шаршылап егу басталған. Мектепке де басты тапсырма осы. Бригаданың 25 мүшесімен іске кірісіп, ауылшаруашылық техникаларын пайдалану арқылы 60 гектар жерге шаршылап жүгері егіледі. Нәтижесі өте жақсы болады. Жүгерінің әр гектарынан 385 центнерден көк балауса алып, колхоз сүрлеммен қамтамасыз етіледі.

– Мен егіс басында атпен жүретінімін. Бірде егінге түскен сиырларды қайырып жүргенімде аудандық атқару комитетінің төрағасы А.Бекбауов келіп жүгерінің соншалықты бітік екендігін көріп, рахмет айтып еді, – деп еске алатын Кенжекең.

Төраға ауданға барған бойда аудандық комсомол комитетіндегілерді жинап, «Сендер жақсы істерді көрмейсіңдер, №40 мектептің өндірістік бригадасының жұмысын көріңдер»,

– деп тапсырма беріпті. 1958 жылы Мәскеуден Орталық Комсомол Комитетінің бірінші хатшысы В.Семичастный қол қойған Құрмет грамотасы мен аты жазылған қол сағаты сыйлыққа беріледі.

1961 жылы жұмыс сапарымен мектепке келген облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Ә.Барқбаев Кенжекеңнің 8-сыныптағы химия сабағына «өте жақсы» деген баға беріп, оған облысқа ауысуға қолқа салады. Сөйтіп тамыз айында облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтына өндірістік оқу жөніндегі өдіскер болып тағайындалады. Бір жылдан кейін облыстық оқу бөліміне мектеп инспекторлығына ауыстырылады. 1967 жылдың сәуір айында халық ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің төрағалығына сайланады. 1968 жылы Мәскеуде салалық кәсіподағының Бүкілодақтық VI съезіне қатысады.

Кенжәлі Тайманұлы 1969 жылы наурызда облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып ауыстырылса, 1974 жылы ақпан айында облыстық партия комитеті бюросының қаулысымен

қалалық оқу бөліміне меңгеруші болып бекітіледі. Бұл қызметті сегіз жыл мінсіз атқарып, 1982 жылдың ақпан айында Оқу Министрінің бұйрығына сәйкес облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына директор болып ауысады. Бұл институттың жұмысы туралап қалған кез еді, тіпті ғимараты да жоқ болатын. Мұнда кадр тұрақтамай, кезекті бір қызмет баспалдағы ретінде келіп-кетушілердің орнына айналған. Жаңа басшының келуі ұжымға тың серпін егекді. Жоғарғы орындардың есігін қаға жүріп, сол кездегі педагогикалық училищенің жатақханасын институттың еншісіне алады. Облыс мектептеріндегі тәжірибелі, білікті мамандарды институтқа шақырып, олардың материалдық жағдайын жасады. Пәндік кабинеттер жабдықталып, оқу жабдықтарын алуға қол жеткізді. Осылайша аз уақыт ішінде ұжым республика көлемінде алдыңғы қатардан көрініп, К.Атабаев Қазақ ССР Педагогикалық Қоғамы мен Республикалық Советі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталады.

Институт жұмысы жаңашылдықтың бастамашысы болды. Облыс мектептерінде «Жыл мұғалімі», «Жыл дирек-

торы», «Жыл класс жетекшісі» байқаулары өткізілді. Озаттар республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Кенжекеңнің басқаруымен институттың тәжірибелі ұстаздары аудандарда болып, оқытудың жаңа технологиялық деңгейіне баса назар аударылды. Облыста жаңашыл мұғалімдердің саны артып, олардың жұмыстары республика көлеміне таныла бастады. Бұл кезде Кенжәлі ағаның денсаулығы сыр беріп жүрген болатын. Соған қарамастан естелік кітап жазды. Өзі басқарып отырған институттың 50, өзінің 60 жылдық мерейтойларын қатар атап өтуді межелеген еді. Бірақ ол мақсатына жете алмай, 1994 жылдың қыркүйек айында асыл азамат дүниеден өтті. Өзі өмірден өтсе де артында мыңдаған шәкірттері, қызметтес іні-қарындастары, бір ұлы мен екі қызы және сүйікті жары қалды.

Уақыт алға жылжып, Кенжекеңнің 75 жылдық мерейтойына орай Жаңыыл Жонтаева институт директоры кезінде педагогикалық оқу ұйымдастырды, заңғар тұлғаның еңбегі мен өмір жолын жас ұстаздар қауымына таныстырып, есімін асқақтатты. «Ұстаздық жолмен қырық



жыл» атты педагогикалық оқу КР Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бағытында алғаш рет ұйымдастырылды. 2004 жылы институттың 60 жылдық мерейтойы тойланды. Институт өмірінен М.Байжановтың авторлығымен «Мамандар біліктілігінің бастауы» атты тарихи деректер жазылған кітап жарыққа шықты. Сол күні институттың 300-ші дерісханасы Кенжәлі Атабаев атындағы дерісхана аталып, лентасы қиылды.

Кенжекеңнің студенттік досы Жадырасын Күзенов: «Студент кезде Кенжәлінің айнала-сына топтасатынбыз, қызметте де солай болды. Ол артына із қалдырып қана қоймай, әрбір ісін таразыға салып, байыппен

жазып қалдырған көреген жан. Білім саласына өлшеусіз еңбек сіңірген азаматқа бір мектептің атын берсе, артық емес», – деп еске алды.

Ұлағатты ұстаздың шәкірті Қорғанбек Қайроллаев: – Ағай 8-кластан бастап сабақ берді. Ол кісінің сабағында сілтідей тыныштық болатын. Бүкіл класс оқушылары құрметтеп, сыйлайтынбыз. Қалай айтқанда да ағайдың білім саласындағы еңбегі теңдесі жоқ. Өзі басшылық жасаған тұста салынған қала мектептерінің бірі ағайдың атымен аталса, өткенге құрмет білдірген болар едік, оған іздеуші болу керек, – деді.

Міне, оны іздеушілердің бірі болып қолыма қалам алуымың басты себебі осы. Бұдан 10 жыл бұрын бұл бастаманы қызметтес інілері Кендебай Сейітов және Кенжебек Қалимевтар көтерген еді. Жақында Кенжекеңнің дүниеден өткеніне 20 жыл болыпты. Әріптестері мен іні-қарындастарының бар тілегі ұлағатты ұстаздың есімі ұлықталып, қала мектептерінің біріне есімі берілсе деген ниет болатын. Сөз соңын ағамыздың біздерге қалдырған: «Өзіңе жасалған қамқорлық пен жақсылықты есіңе мәңгі сақта, қолыңнан келсе, жақсылыққа тек жақсылық жаса», – деген өсиетімен аяқтасам деймін.

Ерденбек МҰҚАНОВ,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
ардагер ұстаз.

ТҮРКІ ДҮНИЕСІ ТӘУ ЕТЕР КЕШЕН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТТІ



Түркі мәдениетінің негізі Елбасының өзі «Алаштың анасы» атаған осы қасиетті өлкеде қаланды. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Аталған бағдарлама аясында көптеген ауқымды жұмыстар қолға алынып, көне жәдігерлеріміз қалпына келтірілгені қалың жұрттың көз алдында. Еліміз бойынша қаншама тарих-мәдени сәулеттік мұраларымыз қалпына келтіріліп, шет елдердің мұрағаттарындағы құнды дүниелеріміз қайтарылды десеніңіші. Тарыдай шашырап кеткен құндылықтарымызды азаттық алғаннан кейін түгелдедік.

Соңғы бірнеше жылдың өзінде Сыр бойындағы кезінде астана болған ескі шаһарларға археологиялық қазба жұмыстары жасалды. Бұрын ескерусіз жатқан тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері есепке алынып, оларға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Сондай қолға алынған кешенді шаралардың бірі – «Қорқыт ата» кешенін қайта жаңғырту жобасы дер едік.

Сырдың бойы сыра тұнып тұр. Мұнда бағзыдан сыр шертетін қорғандар мен асарлар, тарихи-мәдени ескерткіштер көптеп саналады. Солардың ішінде күллі түркі жұртының барша-сына ортақ тарихи тұлға, кемеңгер ойшыл, ғажайып музыкант, болжампаз Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған ескерткіштің бітімі бөлек, тағылымы зор. Өйтігі орыс ғалымы В.Жирмунскийдің «Сырдария бойында Қорқытты қадірлеудің мыңжылдық өнегесі бар» деген пікірінде үлкен шындық бар. Өйткені, бұл өлке – ғұлама бабамыз Қорқыт атаның кіндік қаны тамған жер. Орта ғасырларда атақты Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент шаһарында дүниеге келген данағөй бабаның туған, көз жұмған, аңызы мен рухани ұлы мұрасы сақталған жер нақ осы Сыр елі. Аталған өлке қазіргі таңда бүкіл түркі жұртының ортақ отаны ретінде бағалануда.

Осы өлкеде туғандықтан дүниенің төрт бұрышын кезген болжампаз ата туралы аңыздарды құлаққа құйып өстік. Қорқыт өлімнен қорқып, желмаясына мініп, жер-дүниені шарлады. Бірақ, қайда барып аялдамастыр, алдынан оған арнап қазылған көр шыға берді. Қара жердің үсті өзіне арналған қазулы көрге толы болатынына көзі жеткен Қорқыт желмаясының жабуын алып, Сырдың суына төсеп, сол кілемнің үстінде отырып алып мұңлы күйін тартумен болады. Қара жерден көр қазуға болар, су бетінен көр қазылмас деген сенімі расталып, ол өмірін бірнеше жылға ұзартқан деседі. Ал, ажалды музыкалық аспап арқылы жеңу – ғажап аңыз!

Мәңгілік өмір іздеген кейіпкерлер әлем халықтарының әдебиетінде көптеп кездеседі. Бұлардан Қорқыт абыздың жолы бөлек. Еуропа әдебиетіндегі мәңгілік ғұмыр іздеушілердің жо-



ерлігі, батылдығы, даналығы, көрегендігі бүгінде аңыздан аңызға, жырдан дастанға, күйден күй жырына ауысты. Сол қиын замандағы ерлік пен кемеңгерлік жоғалмаса екен дейсің.

Қорқыт ата мазары – тарихи сәулет өнері ескерткіші. Мазар шамамен 9-10 ғасырларда қазіргі Қармақшы ауданы Қорқыт ата станциясынан 3 шақырым жерге салынған. Бұл Қорқыт әулиеге тұрғызылған көне жәдігер. Ал, 1980 жылы салынған Қорқыт ата ескерткіші Қармақшы ауданының орталығы – Жосалы кентінен 18 шақырым жерде, Қорқыт станциясының түбінде, биік төбе басында алыстан «менмұдалап» тұр. Авторлары – архитектор Бек Ибраев пен физик-ғалым Сәбетқазы Исатаев. Аталған зәулім ескерткіш биік төбе басына ойшыл, философ, ақын және сазгер Қорқыт бабаның құрметіне тұрғызылған.

1997 жылдан бері жөндеу көрмеген осы ескерткіш-кешен Елбасының тапсырмасына сәйкес қайта жаңғыртудан өткізілді. Бұрынғы ескерткіш темір-бетоннан жасалған еді. Биіктігі 8 метрді құрайтын. Бұл ескерткіш 4 тік стелпадан тұрады. Әрбір стелла әр тарапқа қарап тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғарғы жағы кеңейе келе шөміш пішінінде түйсетін стел-

палар қобыз бейнесін меңзейді. Түйсер тұбіндегі орталық тесінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады.

Ұлы жолдың бойындағы зәулім ескерткіш маған желді күні қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарып, баяу ғана бабалар ерлігі мен кемеңгерлігін паш етіп тұрғандай көрінеді. Жер-жерді шарлап, адамзатқа өлмейтін өмір іздеген Қорқыт бабаның көктегі тәңірмен тілдесу үшін Жеркіндік ретінде осы топырақты таңдағаны да тегін болмаса керек.

Бұған қоса, Сыр бойында арғы түбірі Қорқыттан тарайтын, көмеймен айтатын жыр-терме айту дәстүрі сақталып қалды. Бұл өлкедегі жыраулық-жыршылық дәстүрдің қайта жандануына көшегі Көшеней секілді талантты жыраулардың себепкер болғаны анық. Бүгінде Қазақстанның қай жерімен салыстырғанда да жыршылығы, термешілігі басым өлке – осы Қорқыт ата мәңгілікке байыз тапқан Сыр өңірі болып саналады. Мамандардың айтуынша, осы киелі өлкеде ғажайып орындаушылық мақамның 56 түрі болған екен.

Енді бүгінгі күнге келейік. Облыстағы 7 ауданның бірі – Қармақшы ауданында Қорқыт ата құрметіне биік төбеге орналасқан сол ескерткіш міне, 33 жылдан бері қалың жұрт қастерлеп, тәу етер киелі орын ретінде елге қызмет етіп келеді.

Қазіргі таңда мұнда осы жұмыстармен бір-

ге 850 гектардан астам аумақты қамтитын қорық құру ісі қоса жүргізіліп жатыр. Келешекте кешеннің тарихи құндылығын арттыру мақсатында «Ақсақ қыз» және басқа нысандар да жөндеуден өткізіліп, «Оғыз-қыпшақ» бейітін қоршап, абаттандыру жұмыстары атқарылатын болады. Айта кетейік, «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне қайта жаңғырту жұмыстары биылғы көктемде басталған-ды. Мемориалды кешен қысқа мерзім ішінде қайта жаңғыртылып, бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталып отыр. Аймақ басшысы Қ.Көшербаев Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Қармақшы ауданында болып, «Қорқыт ата» кешенін жаңғырту жұмыстарын жүргізуге қатысқан құрылысшылармен жүздесті. Кездесуде осы бекетке іске бел шеше араласып, істің басы-қасында болған құрылыс шеберлері мен архитекторларға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев алғысын білдірді.

– Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған ескерткіш мемориал рухани дүниеміздің алтын дінгеі ретінде елге қызмет ете беретін болады. Алдағы уақытта кешен осында арнайылап келетін мыңдаған туристердің қастер тұтар қасиетті орны болатыны сөзсіз, – деген еді аймақ басшысы.

Қ.Көшербаев кешеннің сәулеттенуіне үлес қосқан құрылысшыларға алғысын білдіріп, облысымыздың мәдени брендин жаңғыртудан өткізу – игілікті іс екендігін жеткізіп,

мемориалдық кешеннің құрылысын жүргізу барысында ерекше еңбегімен көрінген бірқатар азаматтарды Қызылорда облысының Құрмет Грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Айта кетейік, кешеннің ауқымдылығы мен сәулеті мұнда келген қонақтарды таңғалдырмай қоймады. Қадірлі меймандар қатарында болған Қазақстанның халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің айтуынша, қайта жаңғырған «Қорқыт ата» кешені өзінің көлемі жағынан Ресейдің Волгоград облысындағы атақты Мамай қорғанынан бірде-бір кеме емес.

Кешенді күрделі жөндеуден өткізу барысында заманауи технология бойынша алдыңғы қатарлы құрылыс материалдары жұмсалды. Тіпті мұндағы желді күні дыбыс шығаратын стелла және өзге де декоративті элементтерге дейін қайта жаңғыртылды. Оған белгілі қазақстандық архитектор, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің профессоры Бек Ибраев жетекшілік етті.

Бас архитектордың айтуынша, ескерткіш-кешен өзінің бұрынғы архитектуралық формасын толық сақтап қалды. Айырмашылық, бұрын ескерткіш биіктігі 8 метр болса, енді ол 12 метрге, ал ескерткіш тұрған тұғыр 2,5 метрге биіктеті. Бұған қоса, амфитеатр аумағы ұлғайтылып, оны жағалай бауырлас түркі елдерінің туы немесе ұлттық символдары қойылатын тұғырлар орнатылды. Ең бастысы, ескі те-



мір-бетон материалдарды Қордайдың қызыл мраморы мен гранит, ұлтас тастары ауыстырды. Ал, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан ескерткішке дейін, онан «Ақсақ қыз» кесенесіне дейінгі аралыққа жүргіншілер жолы салынып, жарықтандырылып, аумақ түгел абаттандырылады. Сондай-ақ, жаңғыртылған стелланың қабырғасына арнайы тақтаға жоба авторы мен оны салдырған тұлғаның аты-жөндері жазылды.

Жоспарлы жұмыстардың түпкі мақсаты кешенді «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік көрмесі нысандарының бірі ретінде оған өзірлеу және ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және табиғи мұра тізіміне енгізу болып табылады. Болашақта мұнда түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммиті мен өнер фестивалі өткізіледі деп күтілуде. Жалпы, алдағы уақытта «Қорқыт ата» кешені басында жылына бір мәрте түркі тілдес халықтардың халықаралық іс-шараларын өткізуді дәстүрге айналдыратын боламыз.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к. н/с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 60-53-20, info@nvr.org.gov.kz «Б» корпусы бас мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жасау бөлімінің бас маманы (D-O-4) (Негізгі қызметкердің бала күтіміне арналған еңбек демалысы, 01.01.2017ж. дейін). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063,14 теңгеден 86485,24 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Саяси партиялармен қарым-қатынас жасау және қарым-қатынасының тұрақты жүйесін ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны орындау және ақпараттар ұсыну. Аймақтағы қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың өткізілуін саяси қамтамасыз ету. Үкіметтік емес ұйымдармен, Қазақстан Республикасындағы Гөндерлік теңдік стратегиясын іске асыру. Әлеуметтік жобаларға сараптама жасау, кәсіподақтар, ғылым мен мәдени қоғаммен тұрақты қарым-қатынас жүйесін ұйымдастыру. Өңірдегі саяси ахуалға талдау жүргізу және жергілікті деңгейде алдын алу бойынша ақпараттық-насихаттық шараларды жүзеге асыру. Этно-мәдени орталықтардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын жобалары бойынша басқарма мен әлеуметтік өнім беруші арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес атқарылатын жұмыстардың есебін қабылдау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары құқық (құқықтану) немесе гуманитарлық ғылымдар немесе білім немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (Мемлекеттік және жергілікті басқару) саласындағы білімі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республи-

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымын мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде үкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес негізгімен тесілетіндегі туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бас лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қазір қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және бекітіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелері мен атақтар

берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сынағтайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігеліні мұқабқа орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылорд-инские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, № 314 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, әңгімелесу шақырған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақ-стан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органдардың қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (қазір қызметіне) тіркеледі. Тіркеу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (қазір қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағдалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бес лауазымын функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылау бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бас мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Қокшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тесілеу орталықтарында белгіленген тәртіптен өтеді.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерге арналған тесілеу бағдарламасы (D-O-4 санаты үшін): мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тесіке Қазақ-стан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Респу-бликасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбай-лас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін қотерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының конкурстық комиссиясы.

Банктің ашықтығы мен әділдігі, клиенттердің ыждаһатпен қаражат жинауы – «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын жүзеге асырудағы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басты қағидаты

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы бойынша пәтер сатып алу немесе жалға алу бүгінгі күні көп қазақстандық үшін баспана алудың жалғыз мүмкіндігі болып отыр. Бұл бағдарламаның тоғыз бағыты бар. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі солардың тек қана екі бағыты бойынша, атап айтқанда, «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» және «Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұған қарамастан, қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы қоғамда тек қана осы банкпен байланысты аталып жүр.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мемлекеттік банк ретінде маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Ол Президенттің бастамасымен, тұрғын үй сатып алуға мұқтаж, бірақ коммерциялық банктерден ипотекалық кредит алуға табысы жетпейтін қазақстандықтар үшін құрылған. Клиенттердің мүддесіне жұмыс істейтін қаржы институты ретінде Банк жұмысының басты бағыттары – қаржы жүктемесін және әкімшілік кедергілерді азайту, қызмет көрсетудің озық технологияларын енгізу және транспаренттілік.

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасымен ҚТҚЖБ желісі бойынша балды есептеу және тұрғын үйді бөлу бөлігінде адам факторы толықтай алынып тасталды. Бұл жұмыс барысында қателіктен сақтайды. Банкте балды есептеу де, пәтерлерді бөлу де толықтай автоматтандырылған. Барлық мәліметтерді ҚТҚЖБ сайтында онлайн режимінде көруге болады.

ҚТҚЖБ желісі бойынша «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын жүзеге асырудың ең өзекті мәселелері туралы Мемлекеттік бағдарламалар мен құрылыс жобаларын іске асыру департаментінің директоры Данияр Жұмашов әңгімелеп берді.

– Данияр Бимұратұлы, «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасымен пәтер сатып алу үшін тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылар пулына қатысу қажет. Ал бұл жарыс секілді – кімнің балы көп болса, сол жеңеді. Тіпті, спорттың өзінде де келісіп ойнау кездеседі... Қолжетімді шаршы метрлер үшін күресте әділдікті қалай сақтамақсыздар? «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасымен «айналма жоғарымен» пәтер сатып алуға бола ма?

– Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басшылығы бұл мәселені ерекше бақылауда ұстап отыр. Егер біреу сізге «жоғары орын алуға көмектесемін», «көп балл бергізуге келісіп беремін» деп қолқа салса, мұнысы – нағыз алаяқтық. Сөзіне ерсеңіз, ақияңыздан бекер айырылғаныңыз.

Мұндай жағдай қазір кездесіп те жатыр. Еліміздің барлық өңірлерінде де, Алматы қаласында да. Алаяқтарға сеніп, жинаған ақшасын беріп, алданып қалған адамдар аз емес. Енді олар сотқа жүгінуге мәжбүр болып отыр.

Балды есептеуге ешкім ықпал етпей алады. Жүйенің өзі банктегі бірде-бір адамға, тіпті басшылыққа да мұрасат бермейтіндей етіп жасалған. Пәтерлерді бөлу кезінде қанша балл жинағаныңыз, қандай орын алатыныңыз – шотты қашан ашқаныңызға, шотыңызға тұрақты түрде қанша ақша жинағаныңызға байланысты.

Барлық мәліметтер біздің автоматтандырылған банк жүйесінен алынады. Бұл жүйеге бірде-бір адам араласа алмайды. Яғни, адам факторы және ықпал ету мүмкіндігі толықтай алынып тасталды. Егер адам есеп жүргізсе, онда ол әдейі немесе қателесіп, балл қосып не кемітіп қоюы ықтимал. Компьютерде берілген алгоритм бар. Машина жинақтау тарихы бойынша өзге жүйеден мәлімет алып, тиісті балды есептейді. Осылайша, қайталап айтамын, балды есептеу және пәтер алуға басымдылықты анықтау жүйесі тек қана салымшының өзіне, ыждаһатпен қаражат жинағанына байланысты.

– ҚТҚЖБ желісімен «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасына қалай қатысуға болады, қандай құжаттар керек, оларды қайда апару ләзім, қалай ақша жинау керек? Осы жағын тарқатып айтып берсеңіз.

– Біріншіден, банк іске асыратын желілер, яғни «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» және «Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бойынша бағдарламаларға қатысу үшін, ең алдымен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшысы болуы керек. Яғни, сізде тұрғын үй құрылыс жинақ шарты болуы қажет. Сондықтан осы шарт бойынша тұрақты түрде жинақ жинақтаушы тиіс. Бағдарламаларға қатысу үшін, Банктің интернет-ресурсын ұдайы қадағалап тұрған жөн. Онда тұрғын үйді сатып алушылар пулына қатысуға өтініш қабылдау туралы барлық хабарландыру жарияланып, қажетті құжаттар тізбесі көрсетіледі. Не істеу керек? Банкке келіп, бағдарламаларға қатысуға өтініш беру керек немесе оны банктің сайтында «Жеке кабинет» арқылы жасау қажет. Көріп отырғаныңыздай, мұндай жағдайда банкке келудің қажеті де болмайды.

– Егер тұрақты түрде қаражат жинамаса, ол кейін қандай да бір айыппұл төлеті ме? – Жок, айыппұл төленбейді. Тұрақты қаражат жинамаған жағдайда, балыңыз тұрақты қаражат жинаған адамның балынан аз болады. Жалпы алғанда, клиент, өзінің қаржылық мүмкіндігіне қарай жауапкершілік алған жоспарға сәйкес, неғұрлым тұрақты әрі ыждаһатпен ақша жинаса, кейін тұрғын үй заемын алу оған соғұрлым жеңіл болады.

– Өтінім пул жариялау кезінде беріле ме? – Иә. Міне, бағдарламаның өзі қалай құрылып жатқанына қараңыз. Әкімдікпен, мәселен, жүз пәтерлі тұрғын үй құрылысын салуға келісім жасайық. Айталық, біз 2014 жылдың басында біз шарт жасастық делік. Ал, жыл соңында үй құрылысы аяқталады. Пайдалануға бергенге дейін үш ай бұрын біз пул жариялаймыз. Республикалық БАҚ-тарда және банк сайтында хабарландыру жарияланады. Қалаған адамның бәрі біздің бөлімшелерде өтініш бере алады.

Балды есептеуге келсек, бұрынғы сызбаның өте күрделі болғанын мойындауға тиіспіз. Бұл балдарды

салымшыларымыз өз бетінше есептей алмайтын еді. Мұның айқын және ашық болуы үшін, клиенттерге балдарын өз бетінше есептеуге, мүмкіндіктерін бағалай алуы үшін, тәртіпті оңайлатуға шешім қабылданды.

Жаңа формулада қолданылатын көрсеткіштер қарапайым және әр клиентке түсінікті. Соның арқасында ол осы шарт бойынша балды өздігінен есептеп, пулға қатысуға өтініш берерде өз мүмкіндігін нақты шамалай алады. Жаңа формулада бағалау көрсеткіші, жинақтаудың минималды қажетті сомасы және шарттың қолдану мерзімі секілді шарт параметрлері қолданылады. Бағалау көрсеткіші салымшының тәртібін және оның жүйеге сенімін сипаттайтын көлем болғандықтан, басымдылық дәл осы көрсеткішке беріледі. Яғни, шарт бойынша неғұрлым үлкен сома және ұзақ уақыт бойы қаражат жинақтаса, бағалау көрсеткіші соғұрлым жоғары болады. Демек, клиенттің пулға кіру мүмкіндігі де жоғары болмақ.

Формуланың өзі оңайлатылған. Алайда, шын мәнінде, бұл – әділ жинақтау формуласы. Бұл жерде тұрақты түрде қаражат жинаған салымшы көп балл жинайды.

Бұл қағидат есептеудің негізі болып қалды. Формуланың өзімен біздің клиенттер Банк сайтында тағына алады.

АНЫҚТАМА. 2014 ж. 1 қарашасындағы жағдай бойынша, «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын жүзеге асыра бастағаннан бері жалпы ауданы 1 203,4 мың шаршы м. болатын 18 749 пәтері бар 232 тұрғын үйдің құрылысы бойынша жергілікті әкімдіктермен ынтымдастық туралы 163 нысандық келісімге қол қойылды. Банк қабылдаған Тұрғын үйді пайдалануға беру актілеріне сәйкес, олардың ішінде жалпы ауданы 625,6 мың шаршы м. болатын 9 838 пәтері бар 121 тұрғын үй пайдалануға берілді.

«Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бағыты бойынша 2014ж. 1 қарашадағы жағдай бойынша, жалпы ауданы 384,5 мың шаршы м. болатын 6 719 пәтері бар 103 тұрғын үйдің құрылысы бойынша ынтымдастық туралы келісімге қол қойылды. Банк қабылдаған Тұрғын үйді пайдалануға беру актілеріне сәйкес, жалпы ауданы 173,6 мың шаршы м. болатын 3 106 пәтері бар 51 тұрғын үй пайдалануға берілді.

– «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасындағы өзгеріс – бүгінгі күнгі ең өзекті мәселелердің бірі. Үкімет неге мұндай қадамға барып отыр? Неліктен қатысушыларды іріктеу критерийлерін қатаңдатып?

– Иә, шындығында да, ағымдағы жылдың 31 наурызында «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасына өзгеріс енгізген Үкіметтің қаулысы қабылданды. Сонымен бірге бағдарламаларға қатысушыларға қойылатын талаптар да өзгертілді. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы жүзеге асырылатын екі бағыт, яғни «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» және «Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бойынша мынадай талап қойылды. Енді тұрғын үй бағдарламасына қатысушылардың және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайы және кәмелетке толмаған балаларының) меншігінде тұрғын үй болмауы тиіс және соңғы бес жылда тұрғын үй жағдайын нашарлатпауы қажет. Бұл – бағдарламаларға қатысу үшін тұрғын үйін әдейі сатып жібермеуі керек. Алматы мен Астана тұрғындарына қойылатын тағы бір талап – екі жыл тіркеуде тұруы.

Жалпы, үй кезегінде тұрғандардың мәселесі күрделі: Қазақстан Республикасы бойынша 300 мыңға жуық адам тұрғын үй кезегінде тұр. Ипотека алуға қалталары көтермейді. Бұл – халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған бөлігі.

«Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша Бағдарламаларға енгізілген тағы бір жаңалық – пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемінің 50 пайызы енді жергілікті атқару органдары арқылы бөлінетін болады. Яғни, әкімдіктер кезекте тұрғандар арасынан іріктеп алып бөледі. Өрине, бағдарламаны өзгерту – Үкіметтің құзырындағы іс. Бұл өзгерістер мемлекеттің қолдауының тұрғын үй ала алмайтын адамдардың мүддесін ескере отырып енгізілген. Банк,



қаржылық оператор ретінде, тек қана бағдарлама шеңберінде әрекет етеді. Бірақ біздің жеке өнімдеріміз бар. Олар да бүгінгі күні еліміздің азаматтарына қолжетімді.

– «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасы талаптарына еселей-тегелейі тоқталайық.

– «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша Бағдарламаларға қатысу үшін, ең алдымен Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман мәртебесі болуы керек.

Астана мен Алматыда Бағдарламаларға қатысу үшін, жаңа айтып кеткенімдей, соңғы 2 жылда осы қалаларда тіркеуде тұру қажет.

Бағдарламаларға қатысушының және онымен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында меншігінде тұрғын үйі болмауы және соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үй жағдайларын әдейі нашарлату дерегі болмауы қажет. Бағдарламаларға қатысудың міндетті талабы – төлем қабілеттілігін растау.

«Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бағыты бойынша қатысу үшін, қосымша мынадай талаптарға сәйкес келуі керек: кемінде екі жыл некеде тұру, өтініш берген кезде жұбайлардың жасы 29-дан аспауы. Осы бағыт бойынша балаларды (баланы) ата-аналардың бірі тәрбиелеп отырған, жасы 29-ға толмаған, ажырасқан немесе жесір, яғни толық емес отбасылар да бағдарламаларға қатыса алады.

Осы бағыт бойынша бағдарламаларға қатысушылардың тізімін жергілікті әкімдіктер жасайды. Яғни, бағдарламалар бойынша пәтер алуға үміткерлердің тізіміне қандай жас отбасын кіргізетінін жергілікті атқару органдары шешеді. Банкке әкелуі тиіс жолдаманы береді. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі болса, төлем қабілеттілігін тексереді. Алайда, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің маңызды екенін түсіне отырып, салымшылардың осы санатына жататындар үшін біздің банктегі талаптар едәуір жұмсартылған. Жас отбасыларға қатысты шешімді 3 күн ішінде шығарамыз. Банк салымшысы болу, расталған табыс, жақсы кредит тарихы және төлем қабілеттілігін растау рәсімдерін оңайлату үшін – алты ай бойы шотына тұрақты түрде ақша салу, жеткілікті.

– Бағдарламаларға соңғы өзгеріс енгеннен кейін, әкімдер «Жас отбасыға арналған тұрғын үй» бағыты бойынша пәтер бөліп қана қоймайды. Енді «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» әкімдігімен тең бөлісетін болады. Мұндай шешім неге қабылданды? Бұл пәтерлердің жартысы банк клиенттеріне емес, әкімдіктің кезегіндегілерге тиеті деген сөз бе?

– Біріншіден, «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша бағдарламаларға қатысу үшін, қатысушылар біздің банктің салымшылары болуы керек. Ең алдымен мұқтаждарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін үкімет бұл қадамға барып отыр. Яғни, халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған бөлігіне жататын азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету міндетін тезірек шешу үшін. Өйткені, әкімдікте үйдің кезегінде тұрғандардың дені – толық емес отбасылар, бюджеттік ұйымдардың жалақысы аз қызметкерлері, әскери қызметкерлер, жетім балалар.

Қазір қайта тұрғызылған үйлер екі санатқа бөлінеді. Пәтерлердің жартысы әкімдікке беріліп, үйдің кезегінде тұрғандарға бөлінеді. Қалған бөлігі – пәтерлердің 50 пайызы пулға қатысушылар арасында бөлінеді. Жинаған балл саны бойынша банк үміткерлерді бағалайды.

Бұдан бөлек, банк кезекті мейлінше азайту және барынша ашықтық үшін, бұл үдерісті автоматтандыру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қорытындылай келе айтарым, «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы бойынша Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жұмысының басты қағидасы – ашықтық және әділдік. Клиенттер тарапынан ыждаһаттылықпен қаражат жинақтау. Бұл – біздің ортақ табысымыз, салымшыларымыздың тұрғын үй мәселесін шешудің басты кілті.

Мира КАРИМОВА.

МАМАН КЕҢЕСІ

Құтырма ауруы аса қауіпті жұқпалы ауру. Құтырма ауруы – орталық нерв жүйесінің зақымдануымен және өлім-жітіммен аяқталатын қоздырғышты рабдовирустар тұқымдасына жататын жануарлар мен адамдардың табиғи ошақтық ауруы. Құтырма ауруы үй жануарлары (ит, мысық) және жабайы жануарлар (қаракас, түлкі) тістеген кезде сілекей арқылы жұғады.

Белгілері – аузынан сілекей ағуы, адамдарға шабуыл жасауы. Облыстың елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасы Қызылорда облыстық масхаттарының 2014 жылғы 30 шілдедегі №214 шешімімен бекітілді.

Иттер мен мысықтардың иелері санитария-

ҚҰТЫРУ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

лық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптарды және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды ұстану керек. Үш айлық иттер мен екі айлық мысықтар құтырма індетіне қарсы егіліп, ветеринариялық мекемелер беретін ветеринариялық паспорттардың болуы міндетті. Иттер мен мысықтардың иелері ауруға күдікті болып кенеттен құлаған жағдайда ветеринариялық қызмет мамандарына хабарлап, олар келгенше оқшауландырып ұстаулары қажет. Ветеринариялық мекемелердің мамандарына олардың негізделген талабы бойынша қарауға, диагностикалық зерттеуге және емдеу-алдын алу шаралары, егу, вакцинация жүргізу үшін кедергісіз көрсетулері қажет. Иелері иттер мен

мысықтарды балалар аландарында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің телімдерінде, мектеп аулаларында, емдеу-профилактикалық және медициналық денсаулық сақтау мекемелерінің аумақтарында, стадиондарда, саябақтарда, гүлзарларда серуендетуге болмайды. Кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде иелері байлап кеткеннен басқалары, қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар, қараусыз (қанғыбас) деп есептеледі және қанғыған иттер мен мысықтарды аулау жинақша мемлекеттік ветеринариялық ұйымдармен міндетті аулауға жатады. Ит қапқан жағдайда аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдарға хабарласу керек. Бұл ұйымдар итті 10 күн бақылауға қойып, құтыру ауруына

тексереді. Ал зардап шегуші медициналық көмек алуы қажет.

Ветеринариялық ұйымдардың байланыс телефондары:

Арал ауданы	8(72433)2-12-10
Қазылы ауданы	8(72438)5-12-63
Қармақшы ауданы	8(72437)2-19-83
Жалағаш ауданы	8(72431)3-26-12
Сырдария ауданы	8(72436)2-17-50
Шиели ауданы	8(72432)4-26-16
Жаңақорған ауданы	8(72435)2-11-57
Қызылорда қаласы	301664; 302960; 252311

Осы байланыс телефондарына хабарласып, толық мәліметті алуларыңызға және иесіз жүрген жануарлар туралы ақпаратты берулеріңізге болады.

Ветеринария бөлімі.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ АЛУ ТӘСІЛДЕРІ



1. **Салымшының (алушының)** пайдаланушыға берілген логин мен парольді немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, интернет (www.enpf.kz) қызметі арқылы берген жеке өтініші. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** БЖЗҚ-дан үзінді көшірмені ХҚКО-дан алынатын ЭЦҚ-ны пайдалана отырып алуға болады;

2. **Салымшының (алушының)** БЖЗҚ-ға келуі;

3. **Электронды** – салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотын (бұдан әрі – ЖШС) ашу туралы өтінішінде немесе жеке келісімде көрсетілген салымшының (алушының) электрондық мекенжайына (e-mail) хабарлама жіберу;

4. **Халыққа қызмет көрсету орталықтары** арқылы (инвестициялық қызмет нәтижесі, комиссиялық сыйақы көлемі туралы ақпаратсыз).

ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ АЛУ ТӘСІЛІН ӨЗГЕРТУ



Егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта хабарлау тәсілі көрсетілмесе, **салымшы (алушы)** хабарлау тәсілін таңдау немесе өзгерту үшін БЖЗҚ-ға келіп, хабарлау тәсілін өзгерту/анықтау туралы келісім жасай алады.

СӨЗ МӘЙЕГІ

Барлық жұмыс, не апарат көзі түгел алдымызда даяр тұрды десек те, біз білмейтін, қыр-сырын зерттейтін тақырыптар ұшан-теңіз. Әлемдегі қаншама тақырыптар зерттелуді қажет етеді, соның бірі – этнолингвистика.

Тіл тілдердің сөздік қорында ғасырлар бойы қордаланып, шоғырланып тұратын лексикалық байлықты жүйелеп, өзара топтастыра қарастыру этнолингвистиканың ғана талабы емес. Оны біз шығыс әлемінде, әсіресе, түркі тілдерін зерттеулерге қатысты еңбектерде де тым ертеден-ақ келе жатқан дәстүр екендігін көреміз. Мәселен, Шығыстың ғұлама ғалымы Махмұд Қашғари өзінің «Ди-вану лұғат ат-түрк» (Түркі тілдер сөздігі) атты әйгілі еңбегінде де, қыпшақ тайпалары тілінің сөздігі – «Қолекс куманикус» атты сөздікке де, тіпті Шығыстың ұлы шайыры Әлішер Науаидың «Екі тіл туралы ой-пікірі» атты поэтикалық трактатында да тіл материялын топтастырып қарау принципінің тамаша үлгісін көрсетіп береді.

Негізінен, этнолингвистика – XIX-XX ғасыр аралығында Америка үндістерінің тіл ерекшеліктерін зерттеуден келіп шыққан ғылым саласы. Тіл білімі сөздігінде: «Этнолингвистика (гректің «ethnos» - халық, тайпа және лингвистика) – тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты», – деп көрсетілді. Этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны тіл арқылы зерттейтін кешенді пән. Оның нысанына тіл мен мәдениеттің арақатынасы шеңберінде болатын түсініктерді (мағыналарды) анықтау, тілдік белгілер жүйесі деп таңудан туындайтын мәселелерді шешу және т.б. мәселелер кіреді. Оның төңірегінде екі маңызды бағыт қалыптасты. Біріншісі, Р.А.Агеева, С.Б.Бернштейн, В.В.Иванова, Т.В.Гамкрелидзе сынды ғалымдар қолдаған тілді этникалық жағынан қарастыру бағыты болса, екіншісі, В.В.Иванов, В.Н.Топоров, Т.В.Цивьян, Т.М.Судник, Н.И.Толстой, оның мектебі ұстанған этностың материалдық және рухани мәдениетін қалыптастыру бағыты.

Қазақ тілі білімі үшін этнолингвистика қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін ғылым саласы. Тіл арқылы мәдениеттану аспектілері қазақ тілі білімінде үстемдіктегі ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап ғылыми тұрғыдан дәлделдене бастады. Қазақ білімінде мұндай мәселелердің зерттеу аясының кеңейіп, толығы бастауы осы салада өзіндік бағыты, мектебі қалыпташқан Ө.Т.Қайдардың есімімен байланысты.

Бұл саланың ерекшелігіне әрі қарай: «Ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ғасырлар бойы толасыз толығын, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын мүмкіндігінше толық менгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат ететін салалардың бірі – осы этнолингвистика болу керек».

Әлия АЙМЫШЕВА,
№121 І.Қабылов атындағы
орта мектептің
10-сынып оқушысы.

МҰНЫ БІЛГЕНІМІЗ ЖӨН

ЖОЛАУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН

Бүгінде күнделікті күйең тірлігімізді транспорт-сыз елестету мүмкін емес. Өйткені, оның көмегімен алыс қашықтыққа көзді ашып-жұмғаныш жетіп бара аласын. Қазіргі заманауи техникалардың көмегімен белгілі бір межелі жерге жету барынша қысқарды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, көлік инфрақұрылымы нысандары террорлық әрекеттердің бірден-бір көзіне айналып отыр. Бұл кез келген елде өз адамдарының қауіпсіздігіне көңіл бөліп, қауіптің алдын алатын шараларды қолдануына тура келеді.

“Қазақстан Республикасының көлік туралы” заңына сәйкес 2014 жылы Көлік және коммуникация министрлігі үкіметтің бірқатар құқықтық-нормативтік актілерін толықтырып, бекітті. Ол көлік инфрақұрылымы мен жауапты күзет мекемелерінің қызметкерлеріне жолаушылар мен олардың жүктерін тексерулеріне мүмкіндік туғызды. Соның ішінде техникалық құралдардың талабына транспорт инфрақұрылымы нысанына келушілер мен жолаушыларды тексеру кезінде өзімен бірге әкелген заттарын, соның ішінде көл жүгі мен жүгін (2014 жылғы 30 маусымдағы №742, тиісті тәртіпке сәйкес транспорт субъектісі қызметін аттестациядан өткізу ережесі мен транспорттың инфрақұрылымы нысанына келушілер жолаушыларды тексеруден өткізу туралы талаптарымен өзімен бірге әкелген заттарын, соның ішінде көл жүгі мен жүгін (2014 жылғы 23 шілдедегі №816) тексеруден өткізілетін транспорт инфрақұрылымы нысанының тізімі тексеруден өткізілмейтін келушілер, заттары мен бұйымдары транспорт инфрақұрылымы нысаналы алып өтуі тыйым салынған (2014 жылғы 23 шілдедегі №817), сондай-ақ, транспорт инфрақұрылымы нысанында болатын жолаушылар мен келушілерді тексеруден өткізу талабы мен ережесі өзімен бірге әкелген заттарын, соның ішінде көл жүгі мен жүгін (2014 жылғы 16 қазандағы №1102).

“Қазақстан Республикасындағы транспорт туралы” Заңға және үкіметтің жоғарыда көрсетілген қаулыларына сәйкес жолаушыларды көл жүгі мен жүгін тексеру Қазақстан Республикасы белгілеген заңдылықтарына сәйкес қауіптің шама-сына орай жүргізіледі. Ереженің 8-тармағына сәйкес лаңкестік қауіп төндіретін шаманың немесе белгілі бір қауіптің шама-сы хабарлағанда тексеруден өткізу жағдайлары жүргізіліп, жолаушылар мен келушілердің, сондай-ақ, олардың жүктерін іріктен тексеру жүргізіледі. Жолаушылар мен келушілерді іріктен тексеруден өткізу-тексеру пункті қызметкерінің жоғары немесе қиын қауіпті жағдайға күмәнданған кезінде де жүргізіледі. Жоғары немесе қиын қауіп бар жағдайдан хабарлаған кезде транспорт инфрақұрылымы нысанындағы жолаушылар мен келушілер тексеруден өткізуге жатады.

Жолаушыны немесе келушіні жеке тексергенде оған көлік инфрақұрылымы нысанына алып кіруге болмайтын заттарды, металдан жасалған бұйымдарды көрсетуді сұрайды. Жолаушының не келушінің аяқ киімін, сыртқы киімін, бас киімін, белбеуін басқа да заттарын, қолмен не арнайы прибор көмегімен тексеруге алады. Бұл құжаттарда көлік инфрақұрылымы нысанына келген жолаушылар мен келушілерге де, сондай-ақ тексерушілерге де арналған басқа да талаптар бар. Азаматтар мұндай жаңа тәртіпке түсіністікпен қарағаны жөн, өйткені нысандағы бұл қосымша талаптар бірінші кезекте лаңкестік әрекеттерден қорғауға, нысанның қауіпсіздік деңгейін көтеруге, жолаушылар мен келушілердің өмірі мен денсаулығы сақтауға бағытталған.

Жоғарыда келтірілген талаптар мен нормалардың темір жол және автовокзалдарда қалай орындалатыны жайлы газеттің келесі нөмірлерінде айтамыз, ал бүгінгі сөз әуежайдағы қауіпсіздік шаралары туралы болмақ. Қызылорда халықаралық әуежайындағы авиациалық

қауіпсіздік қызметі хабарлағандай, жоғарыда келтірілген көлік инфрақұрылымы нысандарындағы талаптар азаматтық авиация саласында қолданылмайды. Мұнда жолаушылар мен келушілерді тексеру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және авиация қызметінде қолданылатын ҚР заңдарымен аясында жүзеге асады. Әуежайда, жолаушыларды, олардың жүктерін тексеру белгіленген талаптар мен тәртіптерге сай жүргізіледі.

Десе де жоғарыдағы аяққа қандай заттар алып кіруге болмайтынын еске түсіріп алған артықтық етпейді. Сонымен қол жүгінің арасында мөлшері рұқсат етілген көлемнен аспайтын сұйық заттарды, атыс құралдарын, үшкір және өткір заттарды, жеңіл тұтанатын заттарды, химиялық және улы заттарды алып жүруге болмайды.

Ұшаққа алып кіретін заттардың арасында көл жүгі немесе өткізілетін жүк ішінде алып жүруге рұқсат берілмейтін заттар бар. Олар жарылғыш заттар (детонатор, снаряд, граната, мина және пиротехникалық заттар), газдар: пропан, бутан (оның ішінде кішкентай газ баллончиктер бар), жанатын сұйықтар (бензин, метанол, бояулар, араластырылған сұйық, желім), жеңіл тұтанатын қатты және реактивті заттар (магний, сіріңке және тұтатқыш, фейерверк пен биңгал оттары), қышқылар мен органикалық қышқылар (мәселен, шөлчолы және абразивті материалдар), улы және инфекциялық заттар, радиоактивті заттар (мәселен, медицинада қолданылатын немесе сатуға шығарылатын изотоп), бұзылатын заттар (автокөлік аккумуляторлары), мотордың сұйық отыны бар бөлшектері.

Сонымен бірге кейбір авиокомпаниялар ұшаққа алып жүруге болмайтын бірқатар заттар жөнінде өздерінің талаптарын орнатуы мүмкін екенін де естен шығармағаны абзал. Бақытбай БЕРДІБАЕВ.

ҚҰРМЕТТІ КҰРБАНЫ

Қармақшы аудандық мәслихаттың кезекті XXXII сессиясында аудандық мәслихат депутаттарының бірауыздан қолдауымен «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь» топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы, Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы Қаршыға Есдәулетовті «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағын алуымен ұжым мүшелері шын жүректен құттықтаймыз.

Ауданның құрылыс саласын 31 жыл басқарып, абыройлы еңбек еттіңіз. Ауыз су саласын басқарған 9 жылда ауданда орны бар іргелі, үлгілі ұжым жасай білдіңіз. Халыққа ауыз суды тәулік бойы үзбей беруге қол жеткіздіңіз.

Біз, ұжым мүшелері, Сіздің тәрбиеніңізден өтіп, қарауыңызда қызмет істейтінімізді мақтан ете аламыз. Алдыңызға келген кісі жақсылығыңызға ризашылығын білдіріп, батасын беріп шығады. «Батамен ер көгереді» дегендей, көгеріп көктейсіз, абыройыңыз әрдайым биік болып, зор денсаулық, отбасыңызға амандық, баянды бақыт тілейміз.

Құрметті Қаршыға Есдәулетұлы, тағы да құрметті атағыңыз құтты болсын.

Ізгі ниетпен, республикалық меншіктегі Қармақшы аудандық «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі ұжымы.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ РЕЖИССЕРДІҢ ТҰҢҒЫШ ТУЫНДЫСЫ

Қызылорда қаласында өз жұмысын бастаған “Dala Sinema” студиясы көрермен қауымға толымды туындыны ұсынды. Бұл орталықтың тұсау кескеніне көп уақыт өте қойған жоқ. Соған қарамастан жұртшылыққа жаңашыл жобаларды ұсынуға мән беріп отыр.



Тәжірибе алмасу мақсатында Өзбекстан, Грузия, Украина елдеріне барып қайтты. Онда АҚШ-тың Голливуд мамандарынан дәріс алды. Киносценарий дайындау бойынша мол мағлұматқа қол жеткізді. Шығармашылық құрамда 11 адам қызмет атқарады. Олардың қатарында облысқа теле-

метражды фильм махаббат тақырыбында түсірілген. Жас кәсіпкер Санжар қарапайым отбасында тәрбиеленген суретші Айсулұды сүйіп қалады. Жастар алдында өте қиын таңдау тұрады. Әсіресе, мұндай көңіл-күй Санжардың басынан жүй өтеді. Оқиға соны қалай аяқталады? Оған туындыны тамашалау барысында толық мағлұмат алуыңызға болады.

Фильмде басты рөлдерді Данияр Сабыров (Санжар) және Әлия Бермаханова (Айсұлу) сомдайды. Олар бұл салада алғаш рет өз бастарын сынағанымен жұртшылыққа қызықты образ сомдауға құш салғаны аңғарылады. Әрине, Даниярдың мамандығы актер, Н.Бекежанов атындағы драма театрда қызмет етеді. Ал “Болашақ” университетінің студенті Әлия бір мәрте ғана әуесқой киноға түскен. Осыған қарамастан жас актерлер өз кейіпкерлерін барынша нанымды түрде сомдауға мән берді. Жұртшылық бұл туындыны 23-24 желтоқсанда “Жібек жолы” ойын-сауық орталығында өтеді.

“Dala Sinema” студиясы алдағы жылы тағы да екі фильм түсіруді жоспарлап отыр. Оның алғашқысы 1937 жылғы саяси зобалаң тақырыбында өрбісе, одан кейін Жеңістің 70 жылдығына арналады.

Әділжан ҰМБЕТ.

Алғашқы қазақстандық «құтыдағы бала» біздің емханада дүниеге келді

Адам ұрпағын өрбіту емханасы

Әйел мен еркектің бедеулігін емдеуде үлкен жетістіктерге қол жеткізген Алматыдағы «Экомед» клиникасы өзінің 20 жылдығына орай, қазіргі экономикалық қиыншылықтарды есепке алып, 2014 жылдың 1-желтоқсанынан - 2015 жылдың 1-наурыз арасында Сіздер үшін үлкен жеңілдіктер жасайды.

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы, Гагарин даңғ., 78, Шевченко көш. қиыл.
Тел.: +7(727) 277-55-73, 375-90-04, 375-39-69,
+7 (701) 777-72-69, +7 (701) 734-81-84, +7 (702) 718-13-19,
+7 (701) 414-23-44

Тараз қаласы, Сатпаева 14а
Тел.: +7 (7262) 42-53-03, +7 (701) 111-15-12

ХАБАРЛАНДЫРУ

2014 жылғы 21 қарашадан бастап қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін хабарлама жасау тәртібімен байланысты «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңының (бұдан әрі – Заң) ережелері күшіне енген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызмет хабарлама жасау тәртібінде іске асырылады. Басқаша айтқанда, өтініш беруші уәкілетті органға сәйкесінше хабарландыруды жолдағаннан кейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды бастауға немесе тоқтатуға құқығы бар.

Занның 17-бабының 3-тармағына сәйкес рұқсатсыз бұрын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті іске асырған жеке және заңды тұлғалар осы қызметті әрі қарай жалғастыру үшін мемлекеттік органға тиісті хабарлама жіберуге міндетті екендігін назарларыңызға саламыз.

Осы жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті болып табылады. Өтініштерді тікелей қабылдау мен қарауды комитеттің аумақтық департаменттері, яғни Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаменті жүзеге асырады.

Хабарлама беру Үкіметтің электронды порталы арқылы «Е-лицензиялау» жүйесінде жүргізіледі. Хабарламадағы және қоса берілетін құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығына өтініш беруші жауап береді.

Электронды түрде өтінішті беру процесімен дәлірек «Е-лицензиялау» веб-порталында мына мекенжай арқылы таныса аласыздар: <https://elicense.kz>, сонымен бірге «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Call-орталығының телефонды 8-8000-80-7777 немесе 1414 (қонырау шалу тегін) және www.control.edu.gov.kz сайты.

ЭКОЛОГИЯ.ЛЫҚ САРАПТАМА

«ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабына сәйкес МГ №72 лицензия бойынша Бектас кен орнындағы жобалық тереңдігі 1150 м болатын бұйырлық оқпандарды бұрғылау жөніндегі үлгілік техникалық жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімін мемлекеттік экологиялық сараптамасына келісімге жібереді.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласыңыз:

Тапсырыс беруші

1. «ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС, Қызылорда қ-сы, Желтоқсан көшесі, «Бастау» бизнес-орталығы, 507 кабинет, тел.: 8 (7242) 60-51-14.

Орындаушы

2. «Сапалы Технология» ЖШС, Астана қаласы, Б.Момышұлы 12, каб 202, тел.: 8(7172)76-71-74; факс: 8(7172)76-71-39.

«ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабына сәйкес МГ №71 лицензия бойынша Қоныс кен орнындағы жобалық тереңдігі 1450 м болатын бұйырлық оқпандарды бұрғылау жөніндегі үлгілік техникалық жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімін мемлекеттік экологиялық сараптамасына келісімге жібереді.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласыңыз:

Тапсырыс беруші

1. «ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС, Қызылорда қ-сы, Желтоқсан көшесі, «Бастау» бизнес-орталығы, 507 кабинет, тел.: 8(7242)60-51-14.

Орындаушы

2. «Сапалы Технология» ЖШС, Астана қаласы, Б.Момышұлы 12, каб 202, тел.: 8(7172)76-71-74; факс: 8(7172)76-71-39.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

ШӘКІРТІНІҢ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне байланысты мәдени орталықтарда, барлық мектептерде мерекелік іс-шаралар өткізілуде. Оқушыларымыз әр түрлі интеллектуалды сайыстар мен спорттық жарыстар, мәнрлер оқу бақылауларына қатысып, өз елінің, Қазақстан жерінің патриот азаматтары екенін дәлелдеп, кішкене жүректеріндегі Отанына деген сүйіспеншіліктерін, құрметтерін өз жетістіктері арқылы көрсетуде.

№128 мектептің 3-сынып оқушысы Ғазиз Кеңес қалалық мектеп оқушылары арасындағы “Елдің сүйген – Елбасы” атты мәнрлер оқу сайысында ІІІ дәрежелі дипломен марапатталды. Ал 4-сынып оқушысы Әбілмансұр Ұлықпанов Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесі қарсаңында 4-сынып оқушылары арасында өткізілген “Тәуелсіздік – бар бақыттың бастауы” атты қалалық мәнрлер оқу бақылауы ІІІ орын иеленді. “Мұғалімнің бүкіл мақтаншы – шәкірттердің” деген Д.И.Менделеевтің нақыл сөзін әрдайым жүрегінде сақтаған

САЛЫҚ ТӨЛЕМГЕРЛЕРІ НАЗАРЫНА !

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты Ашық есік күні 2014 жылдың 24 желтоқсанда өткізілетіндігін хабарлайды.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64г, байланыс телефондары: 30-18-53, 23-56-05.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес «Қызылорда» Автобус паркі ЖШС-да 8(7242) 24 41 65 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

ІРІ КӨЛЕМДЕ МӘМІЛЕ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) 12.12.2014 жылы Қоғам директорлар кеңесімен Еуропалық қайта құру және даму банкісімен ірі көлемде мәміле жасау туралы шешімі қабылданғандығы туралы хабарлайды.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Кожабаяв Абдраштың (Кожабаяв Дарипбек Абдрашевтің) атына Қызылорда қаласы, Тоғанас батыр көшесі №101 үйге (№113 үй) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-014-116, №0027233) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Тогисова Жанар Түлепбергеновнаның атына Қызылорда қаласы, Шахмардан Есенов көшесі №20 каб үй, 44 пәтерге берілген меншік иесінің объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісі (№2214 31.10.2014 ж.), техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

20.12.2010 жылы №25 Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің шешімі көшірмесінің төлұсқасы Қарауылтөбе елді мекені Әбдіхалықов көшесі нөмірсіз жер учаскесі мекен-жайында орналасқан Тоқтыбаев Абдухапқа берілген шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«КТЖ» ҰҚ» АҚ-ның филиалы – «Қызылорда жол бөлімшесі және «ҚР теміржолшылар кәсіби одағы» Қызылорда филиалының басшылықтары құрметті теміржолшы, зейнеткер Күнберген Шариевтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және аппарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

ағлұмет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38

зәңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәлі Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шіелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ағарту министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Ақпараттық қалалық тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделген және қайтарылмайды.

Жарнамалар газеттің түпнұсқа көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ының өзі емес.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4.

Газеттің таралымына "Қалашота" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4.

Таралымы 21704

Тапсырыс № 1197

Электронды оқылым 28000.